



Ел үмітін ер ақтар,
ер атағын ел сақтар.

ЕҢБЕККЕ - ҚҰРМЕТ

«Bilim-orkenietі» ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» ұйымдастыруымен, Астана қаласы «AMANAT» партиясының қолдауымен, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына арналған жолдауындағы басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының Құрметті Азаматы» атты патриоттық байқауы өтті. Оған еліміздің дамуына саналы ғұмырын арнап, қызмет етіп жүрген бірқатар сала мамандары қатысып, бақ сынады.

Шараның мақсаты - мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауын кеңінен насихаттау. Ұзақ жыл бір қызметте жұмыс істеп, өз саласының дамуына бар ғұмырын арнаған ардагер қызметкерлерді қоғамда кеңінен насихаттау, жастарға үлгі ету.

Аталмыш байқауда «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы жеңімпаз атанып, Қазақстанның дамуына айрықша үлес қосқаны үшін «Қазақстан республикасының құрметті азаматы» төсбелгісі мен куәлік беріліп, «AMANAT» партиясының 1-дәрежелі дипломымен марапатталды.

Өріптесімізді айтулы жеңісімен шын жүректен құттықтай отырып, отбасына амандық, зор денсаулық, толайым шығармашылық табыс тілейміз! Құнарлы ой, қуатты сөзіңізбен оқырмандарыңызды қуанта беріңіз!



ЕЖЕГОДНЫЙ ПРОЕКТ «500 УЧЕНЫХ»

По поручению Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, ежегодно в рамках программы «Болашақ» 500 казахстанских ученых будут проходить стажировку в ведущих научных центрах мира. Стажировка для ученых направлена на повышение квалификации научных, научно-технических кадров в ведущих зарубежных организациях высшего и послевузовского образования, научных центрах и отраслевых организациях.



В этой связи 23 января состоялась очередная информационная встреча с молодыми учеными ЗКУ им.М.Утемисова по разъяснению условий участия в конкурсе, требований к претендентам, срокам подачи и пакете необходимых документов. Подробная информация может быть получена по следующей ссылке <https://bolashak.gov.kz/>

[ru/o-nauchnyh-stazhirovkah-po-ns.](https://bolashak.gov.kz/)

Для справки: в ЗКУ им.М.Утемисова в 2022 году по программе стажировки «500-ученых» было подано 11 заявок, одобрено – 3. В текущем году университет планирует подать не менее 20 заявок. Для первого потока подготовлено 6 заявок.

Желаем удачи участникам!

Университет базасында «Жаратылыстану-гуманитарлық зерттеулер орталығы» атты академиялық артықшылық орталығын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұнда жалпы құны 4 млрд. теңгені құрайтын 3 заманауи зертхана іске қосылмақ. Орталықтың басты идеясы – білім, ғылым, өндірісті интеграциялау арқылы сапалы кадрлар даярлау.

ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ



23 қаңтарда болашақ орталықты заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау бойынша «Pro Lab Support» компаниясының өкілдерімен кездесу өтті. Олар инклюзивті білім беру, лингвистика, химиялық инжиниринг, молекулалық биология бағыттары бойынша өздерінің ұсыныстарымен таныстырды. Университет мамандары өз талаптарын айтып, пікір алмасты. Кездесу нәтижесінде компания бағалық ұсыныстарын университетке жолдайтын болды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

М.Өтемисов атындағы БҚУ ғалымдары ҚР Президентінің тапсырмасымен «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша» республикалық зерттеу тобы құрамында жоба мүшелерінің қатарында. Жобалық офистің БҚО бойынша өңірлік комиссиясы 2022 жыл бойынша жоспарланған іс-шараларды орындап, зерттеу жұмыстарын қорытындылады. Жұмыс тобының жетекшісі - ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы.

Жұмыс тобы 2 бағытта зерттеулер жүргізеді: біріншіден, Алаш партиясы, Алашорда үкіметі идеясы үшін мемлекеттік қудалауға және құғын-сүргінге ұшыраған адамдарды анықтау бойынша, екіншіден Батыс Қазақстан облысы бойынша жазалау лагерлері мен НКВД контррәлаларын анықтау бойынша жұмыстар.

Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік архивтер, полиция департаментінің архиві, ҚР Ұлттық кітапханасының қорлары, БҚО тарихи өлкетану музейі, оның филиалдары, Алаш қайраткерлерінің ұрпақтарымен сұхбат және олардың отбасылық архив құжаттары, БҚО аудандарындағы ауылдың көнекөз қарияларымен сұхбат және олардың естеліктері, азаматтардың жеке отбасылық деректері, ресми сайттарының ақпараттары



қарастырылып, сараптау, салыстыру жұмыстары жүргізілді, күні бүгінге дейін ақталмаған тұлғалардың тізімі жасалып, ҚР Бас Прокуратурасына ақтауға, кейбір жекелеген құпия қылмыстық істерді құпиясыздандыруға ұсынылды.

Жоспар бойынша «Дәулетшах Күсепқалиев: қоғамдық-саяси қызметі» атты монография жарыққа шықты және «Тәуелсіздік үшін күрескерлер: Алаш қозғалысының белсенділері мен ниеттестері» атты энциклопедиялық

жинақ дайындалды. 13 конференцияда баяндамалар жасалып, конференция жинақтарында жарияланды, 7 ғылыми мақала бұқаралық басылымдарға ұсынылды.

2022 жылдың 27 мамырында Махамбет университеті мен «DANA» ғылыми-зерттеу орталығымен біріккен «БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ-ҚҰҒЫН СҮРГІН САЯСАТЫ: ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫР» (XX ғасырдың 20-50 жж) тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.



Шаги к популяризации наук

20 января состоялась первая лекция по проекту «Просветительский центр популяризации наук». В рамках данного проекта в течение 2023 года будут проводиться серии открытых лекции приглашенных ведущих ученых университета.

Первая лекция была проведена заведующим кафедрой геологии, геодезии и кадастра Оренбургского государственного университета, ведущим научным сотрудником отдела природно-техногенных геосистем Института степи УрО РАН, доктором географических наук, доцентом Петрищевым Вадимом Павловичем. Лекция была раскрыта по теме «Солянокупольные ландшафты северного Прикаспия».

В своих исследованиях В.П.Петрищев активно взаимодействовал с иностранными коллегами-учеными, что помогло взглянуть на геологические процессы с разных сторон. В числе рассматриваемых объектов были



различные страны, которые также ведут исследования в области солянокупольных ландшафтов. В ходе мероприятия были упомянуты моменты, которые могут

стать жизненно важными: некоторые территории с солянокупольными структурами используются для оздоровительных курортных зон, что в свою очередь может быть небезопасным для жизни людей.

Коротко об образовании солянокупольных структур В.П.Петрищев пишет: «Соляная тектоника один из геологических процессов, оказывающих больше на поверхность. Образование соляных тел связано с механизмом давления и сжатия окружающих пород в результате они приобретают причудливую грибообразную форму и несут название диапиры (от греч. – протыкаю). Рост соляных диапиров к поверхности сопровождается изменением последней. В результате постепенно трансформируется рельеф, неожиданно образуются провалы, озера. Речные долины меняют свои очертания, образуются крутые уступы. В целом, происходит преобразование ландшафта. Соляные купола выводят на поверхность разнообразные горные породы – известняки, гипсы и собственно каменную соль. Образуют родники с рассолами грязевые озера. Разнообразие ландшафтов, образуемых соляными куполами, увеличивают обилие биологических видов, что стимулирует создание особо охраняемых природных территорий».

Аяулым АШИМЖАНОВА

Цель, действие, результат

25 января прошла встреча ППС и сотрудников вуза с ректором, к.б.н., профессором Н.Х. Сергалиевым. На встрече были обсуждены пробелы прошлого года, дальнейшие попытки их предотвращения, а также возможности и риски предстоящего, новшества и планы на дальнейшую организацию образовательных программ, интегрируемые в этом году.

По новому плану изменения вносятся в структуру факультета, которое направлено на делегирование внутренней работы и улучшение взаимодействия между факультетами. Вместо заведующего кафедрой вводится должность руководителя образовательных программ.

Руководитель ОП непосредственно взаимодействует с ППС ОП, ППС других факультетов и со студентами ОП. Учебно-методическая работа, НИР и НИРС, воспитательная работа, развитие кадрового потенциала входит в ответственность деканата факультета, который также взаимодействует с ППС ОП и со студентами ОП по вопросам учебной работы.

Повышение эффективности при переходе к руководству ОП:

Разработка, реализация, развитие и продвижение ОП.

Разработка новых, инновационных ОП, интегрированных курсов/дисциплин, качественных силлабусов;

Создание конкурентной среды между ППС и возможность выбора обучающимися всех преподавателей соответствующих профилю преподаваемых курсов/дисциплин);

Организации руководителями ОП и ППС:

- качественного и рентабельного на-

бора абитуриентов;

- качественного обучения;

- успешного прохождения аккредитации;

- высоких позиций в рейтинге НПП «Атамекен»;

- высоких показателей трудоустройства;

- высоких показателей НКТ и среза знаний;

В предстоящих изменениях руководители образовательных программ будут ответственны за планирование, организацию и координацию ОП учебной работы, а именно в части:

- Разработка, обновление и актуализация ОП на основе результатов ее реализации, с учетом профессиональных стандартов и иных требований рынка труда;

- Разработка инновационных, совместных и дублирующих ОП;

- Содержания ОП, включающей планируемые результаты обучения, компетенции и критерии их достижения;

- Разработки рабочих учебных планов в части перечня дисциплин модулей, КЭД и силлабусов дисциплин;

- Содержания тематики курсовых, выпускных квалификационных работ обучающихся, программ практик, итоговой аттестации;

- Взаимодействие с работодателями



по формированию и актуализации ОП и/или экспертной оценке ее содержания;

Подготовке документации для проведения процедуры внешней оценки качества ОП (различные уровни аккредитации, рейтинга, мониторинга и др.);

Оценки качества ОП обучающимися, выпускниками, работодателями;

Проведения мероприятий по продвижению и популяризации ОП;

Представления актуальной информации по ОП на сайте университета и в социальных сетях;

Планирование и выполнения расчета общей педагогической нагрузки между ППС факультета по ОП.

Целью внесения изменения является улучшение системы координации деятельности по проектированию,

разработке, реализации, мониторингу и совершенствованию качества образовательных программ, а также повышения эффективности межпредметного взаимодействия ППС по направлениям подготовки специалистов.

Таким образом, Н.Х.Сергалиев поделился дальнейшими планами, отметив, что самое главное требование на сегодняшний день – это дисциплина и ответственность. Главная задача университета – это подача качественного образования и создание благоприятного условия для обучения. В завершении встречи ректор вуза ответил на все заданные вопросы, а также поблагодарил всех за слаженную работу, вклад в науку и образование.

Аяулым АШИМЖАНОВА

5 января прошел научно-методический семинар «Новые парадигмы в теории и практике преподавания русского языка и литературы», проведенный в рамках международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы формирования духовных ценностей в контексте диалога культур и языков», посвященный 90-летию со дня рождения д.п.н., профессора Р.А.Абузярова.

На семинар были приглашены учителя школ города и области, преподаватели русского языка и других языковых дисциплин. Организатором семинара выступила кафедра русской филологии.

Семинар преследовал следующую цель: обмен опытом и развитие сотрудничества работников образовательных учреждений, преподающих языковые дисциплины, а также вовлечение учителей-словесников в научно-исследовательскую деятельность. С приветственной речью выступила к.п.н., доцент Утегенова Карлыга Таскалиевна, которая также была спикером по теме «Требования к написанию эссе». Директор СОШ №40, учитель русского языка и литературы Бахытжанова Асем Самигуллаевна отмечала важные моменты по теме «Lesson Study: теория и практика применения», затронув

НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ В ТЕОРИИ И ПРАКТИКЕ



актуальные проблемы современных учащихся в процессе обучения. На тему «Как развить навыки ораторского мастерства у учащихся?» выступила к.ф.н., доцент, учитель-эксперт НИШ Опря Оксана Викторовна. С докладами участвовали к.ф.н., старший преподаватель Бозбаева Айгуль Галымжановна, подчеркивая фактор успешности в организации проектной деятельности в школе, а также

учитель русского языка и литературы СОШ № 1, педагог-практик кафедры русской филологии Шадгалиева Айнура Маратовна, рассказав об организации домашней работы как метода повышения эффективности обучения.

Педагогу полезным будет на заметку взять следующее:

- Урок является идеальным, когда учитель говорит 7 минут;

- На языковых дисциплинах лучше всего использовать приемы и методы для развития речи и ораторских навыков. Например, устраивать дебатные кружки, проводить уроки в формате TEDx, REDx;

- Сотрудничество – лучший и кратчайший

путь для понимания образовательных потребностей учащихся;

- В любых научных работах следовать стандарту;

В написании эссе приводить не менее 5 аргументов и примеров. Критериями оценки к эссе являются: обращение к мнению авторитетных личностей, к мнению известных государственных деятелей;

обращаться к народной мудрости, к историческим фактам и к личному жизненному опыту.

Таким образом, была успешно достигнута цель научно-методического семинара. В завершении участники оставили на бумагах обратную связь. Особым гостям были вручены небольшие подарки.

Соб.к.к.рр


БҚО ГИДРОФАУНАСЫ ЖАҢА ТҮРМЕН ТОЛЫҚТЫ

ҚР ҒЖБМ-ң Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру негізінде университетіміздің Басқарматөрағасы ректоры, б.ғ.к., профессор Н.Х.Серғалиевтің жетекшілігімен 2020-2022 жылдары іске асырылған «Батыс Қазақстан суқоймаларының гидробионттары мен микробиомының жағдайын бағалау және олардың өзгерістерін болжамдау» ғылыми жобасы аясында БҚО-ның 12 суқоймасы кешенді зерттелді.

Солардың бірі ел аузында «дала теңізі» деп аталып кеткен Шалқар көлінде жүргізілген гидробиологиялық жұмыстар нәтижесінде, зообентос организмдерінің 9 түрі тіркеліп, әдеби деректерде бұрын кездеспеген шаянтөрізділердің *Turkogammarus aralensis* (Uljanin, 1874) түрі анықталды. Өлшемі – 4-15 мм шамасында.

Аталған зерттеу жұмыстарына

Ресей және Литва елінің ғалымдары қызығушылық танытып, солармен бірге өнімді жұмыс нәтижесінде Scopus дерекқорына кіретін «Zootaxa» журналында «*Turkogammarus aralensis* (Uljanin, 1875), реликті шаянтөрізділер – Арал-Каспий палеобассейнінің амфиподтары: қайта сипаттамасы, филогенетикалық позициясы және биогеографиясы» атты ғылыми мақала жарияланды.



Я начинаю свой рассказ, обращаясь к тебе, Александр Сергеевич, потому что в мои студенческие годы Уральский педагогический институт носил твоё имя и мой город знаменит твоим приездом.

Моё имя – Зоя. Мама могла в 1947 году поступить к тебе на учёбу, но судьба увезла её в степное село Булдухта. Это земля, принявшая поволжских немцев, целинников, родина Жаханши Досмухамедова.

Любовь к чтению, литературе, воспоминания отца о событиях после революции, судьбах односельчан заложили основу для будущей профессии. Решению стать историком помогли уроки учителя-фронтовика по истории. Ты принял меня к себе не сразу, но желание поступить всё-таки победило.

Как же нам повезло с преподавателями! На первом курсе куратором группы был В. В. Кисляков, Гаяз Валиевич Кушаев, Борис Фёдорович Железчиков, Ольга Ивановна Гришина с 1-го курса не позволили мне усомниться в выборе профессии, не охладили интереса к истории. Разве можно было скучать на занятиях Г.В.Кушаева, учёного-историка, корифея археологической науки. Он, как большой корабль, плавно и бережно окунул в морскую пучину истории!

Добрая улыбка Г. В. Кушаева, молодость, любовь к своим дисциплинам Б. Ф. Железчикова, строгость О.И. Гришиной озаряли мой путь в историю. Радостно, что наш однокурсник, Мурат Сдыков взял эстафету и достойно продолжил дело Г.В.Кушаева, Б.Ф.Железчикова в археологической науке. Археологические, пионерские, педагогические, яблоневые практики, поездки в Ленинград, Киев, тишина читального зала библиотеки, жизнь в общежитии на 40 рублей стипендии, которой хватало на всё, уроки физкультуры на лыжах в Ханской роще, общение с друзьями – всё это в памяти.

Наш курс впервые в истории института как историки сдавали 5 государственных экзаменов, в том числе историю стран Азии и Африки, которую с интересом вёл А. К. Комаров. Курсовую работу писала по теме: «Сырым Датов – сподвижник Пугачёва». Не было в те годы литературы по этой теме. Но ты, Александр Сергеевич, поддержал меня духовно и подсказал съездить в Оренбургский краеведческий музей. Ещё помог школьный библиотекарь.

Школе, любимой профессии отдала 30 лет! Основные годы педагогической деятельности прошли в Самарской области. Стремление увлечь детей своим предметом, привить им творческие навыки, самостоятельный поиск информации и находить пути решения проблем вывели меня в числе первых учителей Самарской области к усвоению метода проектов. Проекты моих учеников: «Возрождение гончарного производства» (результатом является действующая студия «Глиняная сказка»), детская общественная организация «Я вижу мир», «Защити себя сам», «След войны в Садовке» и другие претворились в жизнь и известны в Самарской области.

Одним из актуальных стал проект, посвящённый памяти воинов 100-ой и 101-ой отдельных стрелковых казахских бригад, принявших участие в операции «Марс».

Судьбы моего дяди, Курмашева Кажыма и пестравчанина И.Е.Шапошникова, погибших на Молодотудской земле Калининской области, ныне Оленинского района Тверского края заложили дружбу и сотрудничество между школами и молодёжными организациями России и Казахстана, с поисковым центром «Орёл» во главе с Д. Жук. Проект, начатый в 2007 учебном году, приобрёл международный характер. Основные итоги проекта подведены в моей книге «Шагнувшие в вечность» (2015 г.), переизданной в 2021 г. с «Именными списками солдат».

Александр Сергеевич, твои творения

вдохновляли меня в профессиональных конкурсах: районного «Учитель года 2004 г.», лауреата окружного конкурса в номинации «Гражданское образование и патриотическое воспитание», участник 14-очного этапа конкурса «Учитель года Самарской области, Первого Всероссийского конкурса педагогического мастерства «Мой лучший урок» (2007 г.), Всероссийского конкурса «За нравственный подвиг учителя» (2007 г.), «Победитель Приоритетного национального проекта «Образование – «Лучшие учителя Российской Федерации – 2008 г.». И вновь ты, Александр Сергеевич, поддержал и одобрил оценки педагогической и общественной деятельности. Награды: Почётная грамота победителя конкурса «Лучшие учителя Российской Федерации – 2008 г.», Почётная

грамота губернатора Самарской области за большой вклад в сохранение и развитие казахской национальной культуры и языка, укрепление межнациональных отношений, 2011 г., почётный гражданин Оленинского района, Тверской области России, учитель высшей категории, ветеран труда.

Выйдя на пенсию, домашнюю библиотеку (полное собрание сочинений В.О. Ключевского, С.М. Соловьёва, учебную и методическую литературу, которой пользовались мои ученики и студенты) передала в дар филиалу городской библиотеки им А. Гайдара в Уральске.

Завершая путешествие, позволь мне выразить своё счастье и благодарность тому, что проучилась у тебя, в одном из старейших и сильных вузов Казахстана,

Письмо А.С. Пушкину

**А.С. Пушкин! Вы – классик,
Но зачем же, быть такой горой?
Мы же пред вами все, как в 1 классе,
Без надежд пробиться во второй!**

В.П. Поляков



Празднование 65-летия Великой Победы в Москве, 2010 г.
Ветераны ЗКО Б.Жумагалиев, И.С. Галич.



Поездка в Ленинград 1976 г.

в самой лучшей 316 группе! Наша группа проучилась у тебя с 1973 по 1978 годы. По учёбе, участию в конференциях, общественной жизни факультета и института была передовой. С красными дипломами на «отлично» закончили мои дорогие однокурсники, это Светлана Железчикова (бессменная староста), Галина Ким, Ботагоз Тапишева, Маргарита Данилова, Ольга Гузенко, Фая Ихсанова, Светлана Заседателева, Мурат Сдыков, комсоргом была Надежда Полёнова, которая и сейчас объединяет нас.

Александр Сергеевич! Ты позволил нам пробиться во второй и в следующие классы освоения профессии, других сфер жизни. География проживания моих однокурсников обширна - это Уральск, Алматы, Актобинск, Львов, Иваново, Саратов, Ялта, Оренбург... кого-то нет уже в строю.

Главное, мы получили достойные знания и путёвки в жизнь!

Поздравляю всех преподавателей, трудовой коллектив, студентов, своих однокурсников с 90-летием института! Благополучия и новых вершин!

Учителю!

Вас превращает время в глыбу,
А мы пришли в конце пути
Сказать последнее «спасибо»,
Промолвить тихое «прости»

**С уважением выпускница факультета
«Истории и педагогики»
Зоя КУРМАСHEBA, выпуск 1978 г.**



316 группа после получения диплома, июль 1978 г.

ЖАЗУШЫНЫҢ ӨМІРІ ЗАЯ КЕТПЕС ҮШІН, ЖАЗУДЫ ТОҚТАТПАУ ҚАЖЕТ...

- Сәлеметсіз бе, Мадина Мырзахметқызы. Бүгінгі премьераныз құтты болсын. Сұхбаттасуға уақыт бөлгеніңізге алғыс білдіремін. “Айтылмаған сырды” жазуға не түрткі болды?

- Бұлар негізінде кейіпкерлерге арналған шығарма. Себебі мұндай кейіпкерлер менің таныстарымның, замандастарымның арасында да, менен бір буын үлкен апалардың өмірлері мен өткеніне куә болып, араласып, сырласып, әңгімелерін естігенде, бір өліарада қалып қалған, жаңа заманды таба алмаған, тұманның ішінде адасып қалғандай белгілі бір әлеуметтік топтың қомақты бөлігі бар екенін түсіндім. Осылардың жиынтығынан құралып жазылған туынды.

- Мадина ханым, оқырман махаббатына бөлену деген, сіздіңше, қандай сезім? Өйткені, “Жазушы деген кім?” деген сұраққа жауап беруге толық құқыңыз бар ғой...

- Оқырманның бәрі бөлек жеке тұлға ғой. Әр адам он түрлі пікір айтып, он түрлі түсінікпен түсінеді. Мен өз жағымнан жазғанмен де, әр адамның танымына байланысты, тіпті мені жүз ойландыратын пайымдаулар жасап жатады. Кейбіреулері тіпті түсінбей, кейбіреуі сынап жатады. Сондықтан оқырман махаббатына бөлену өте қиын. Қалай болғанның өзінде, қалай қабылдап жатқанына қарамастан, өз миссиямызды атқарып, жақсы немесе жаман пікірде болсын, өміріміз зая кетпеу үшін еңбектене беру қажет, туындыны жарыққа шығара беруіміз керек.

- Сіздің жазушылық жолыңыздың бастауында көп оқыған жазушыңыз кім еді?

- Ол да адамның дүниетанымына, талғамына және интеллектуалдық деңгейіне байланысты. Мысалы, жас кезінде бір топ қаламгерлердің шығармалары ұнауы мүмкін. Орта буында одан басқа деген секілді. Есейген сайын талғам өзгеріп отырады. Мен бала кезімде мектептің кітапханасын, совхоздың кітапханасын талғамай, орысша, қазақша оқи беретінмін. «Маленький принцтан» бастап, «Дым білместің айласы» және тағы да басқа, мен оқымаған балалар әдебиеті жоқ шығар. Бір кезде Хемингуэйдің жанкүйері болдым. Бір уақытта «Мастер и Маргаританы» он рет, он бес рет қайталап

Өткен айда Хадиша Бөкеева атындағы БҚО театрында Мадина Омарованың «Айтылмаған сыр» траги-комедиясының (режиссері Н. Жұбатова) премьерасы өтті. Премьераның алғашқы күні авторы да қатысты. М. Өтемісов атындағы университеттегі ұстазым Рита Бекжанқызы осы спектакльге барып, жазушы-драматургпен кездесу мүмкіндігі болатынын айтқан. Оралға алғаш келген жазушы-драматург Мадина Омаровамен театрда кездесіп, сұхбаттасудың мүмкіндігі туған еді...



оқитынмын. Ал қазір өзін-өзі тануға байланысты, психологиялық, рухани, детектив жанрындағы күрделі әрі пайдалы шығармаларды оқимын. Көңіл көтеру, уақыт өткізу үшін емес, енді рухани пайдасы жағынан қарап оқимын.

- Сіздің “Мама” деп аталатын мистикалық әңгімеңізде адамның жан-дүниесіндегі сезімдері әсерлі, ерекше бағытта сипатталады. Осының мәні неде?

- Бұл соңғы шыққан әңгімелерімнің бірі. Өзіме де өте қатты әсер еткен шығарма, оқыған кезде жүрегімді ауырта-тын оқиғаға толы. Бұл шығарманы жазған кезде бір әңгімені

оқыдым, соның әсерінен туған дүние. Авторы белгісіз, Шымкент ауылында тұратын қарапайым адам. Бұл әйел жәй өзі үшін, өзінің өмірбаянындағы күйеуінің қол көтергенін, отбасылық қиыншылықтарды күнделікке түсіріп жазады екен. Ол енді әдебиетші емес қой, ойлары шаршаңқы, нормалары сақталмаған. Желі арқылы тарап бір күні менің қолыма тиеді. Соңғы кездері жиілеп кеткен, заңдық түрде қорғалмаған, тіпті қиындыққа төзбеген әйелдер өздерін, оған қоса балаларымен бірге өліп жатқан жайттар болып жатыр. Осының бәрі жинақталып келіп, осы туынды туды. Ананың қорғансыздығы, қазақ әйелінің көнбістігі, құқығын білмейтін әйелдердің тағдырына негізделген.

- Шығармаларыңыздың тақырыбы қалай табылып жатады?

- Егерде мен ешқашандай тапсырыссыз, өз атымнан жазатын болсам, ол стихиялық түрде туады. Адамға әр нәрсе әсер етеді ғой. Кейіпкердің әлемінен, сезімінен, сол сәтті суреттеу арқылы комета секілді бір нәрсе жарқ ете қалып туатын кездер болады.

- Сіз қай уақытта жазғанды ұнатасыз?

- Мен өте ерте тұрамын. Мысалы сағат таңғы төрт, бесте тұрып, сол кездері сегізге дейін жазамын. Ал басқа уақытта мен ешқашан жазбаймын. Себебі сол уақыт менің жазуыма, ыңғайлы әрі тыныш. Жазудан шаршағанда мен фильмдер көремін. Әсіресе еуропалық, мистикалық, детективті әсері күшті фильмдер көріп демаламын.

- Әңгімеңізге рахмет!

*Сұхбаттасқан Сабрина ЛЕПЕСОВА,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің 1-курс студенті*

Көненің көзі



Әжем Қорғанова Гүлбағида Аяпбергенқызы бүгінде 81 жаста. Ол Сырым ауданы (бұрынғы Жымпиты) республикаға әйгілі Қызылту колхозының тумасы. Алғабас орта мектебін бітіргеннен кейін Оралдың А.С.Пушкин атындағы (қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті) педагогикалық институтына 1959 жылы түсіп, қазақ тілі әдебиеті және тарих пәні оқытушысы мамандығын алған. 1964 жылы бітіріп шыққаннан соң Алғабас орта мектебінде мұғалім болып істеген. 1966 жылы жолдасының жұмыс бабымен

Қаратөбе ауданына ауысып, зейнеткерлікке шыққанға дейін Мұхит атындағы Қаратөбе орта мектебінде оқытушы, оқу-тәрбие жұмысының меңгерушісі міндеттерін атқарған. Жанұясында 6 бала тәрбиелеп өсірген. Бір ұлы, бір қызы-мұғалім. Қалған балалары да мамандықтары бойынша еңбек етуде. Әжем 5 немере, 2 шөбере, 3 жиен, 5 жиеншар көріп, тәрбиелеп отыр.

Мен әжемнен көп нәрсе үйрендім, әңгіме, ертегілерді тыңдайтынмын. Әжем өлең де жазатын, көкейтесті мәселелерді көтеріп, газетке үнемі мақалаларын жазып отыратын. Әжем менің тез жаттап алғыш

МЕНИҢ ӘЖЕМ

қабілетімді байқап, өлеңдерін оқытып, көркем сөз оқуға құштарлығымды арттырды. Аудандық, облыстық, республикалық көркем сөз оқуларына қатысып жүлделі орындарға ие болдым.

«Бой емес, ой жарыстыратын заманда бала үшін ең басты дүние-сапалы білім алу, сол алған білімді қажеттілікке жарату» - дейді әжем.

Әжем институтта сабақ берген ұстаздары мен кураторларын еске алып отырады. «А.Әбуханов, Матжан Максимұлы, Ақмурзин, Тілеужанов факультет

деканы болды, ол кісінің дәріс беруі ғажап еді» - деп, сондай-ақ «М.Қадірбергенов, Өтешов, Кузмин, Гришина, среднийвек, древниймир-тарихты 1-2 курста орысша оқыдық. Логика деген сабақ жүрді, көзі көрмейтін көрі қасында секретарша жүрді, сабағын ұйып тыңдаушы едік. Қапанов, Сүйіншалиев, Серовтарды да есіме алып қоямын. Одан бері сан жылдар өтті, оқу тәсілдері сан қилы болып өзгеріп жатыр. Заман талабына сай білім алу керек. Бізде қазіргідей көрнекі құралдар жоқ болды. Көбіне пайдаланатынымыз кітап, ақын, жазушылардың шығармалары еді. Базарда жайма сауда жасаушылар отыратын, аралап жүрсем кітап сатып отырған орыс кемпірді көрдім, үңіліп қарай бастадым көзіме оттай ұшырады Чикабабо «Введение в языкознание» деген кітап сатып алдым. Ұстаздарым да таң қалып, пайдалануға сұрап жүрді. Өзім де көп пайдаландым. Кейін шәкіртім Хасанов Ғабит Қайыржанұлы сұрап алды», - дейді әжем. Әжемнің кітап сөресінде қазіргі қазақ тілі, орыс, қазақ ақын-жазушыларының шығармалары сақтаулы.

Әр шаңырақтың төрінде ақ жаулығы желбіреп әжелер отырғаны қандай жарасымды, олар айтқан ақыл сөздер, даналық тәрбие барлығы да бүгінгі қазақ халқының дамуына алтын тілдей жалғасып келеді. Өмірдегі басты ұстанымымыз-қазақтың намысы, ары, ұлты және рухы. Рухымызды өшірмеген ақ әжелер аман болыңдар!

*Эльвира КЕНЖЕТАЕВА,
ҚТӘ-13 тобының студенті*





ПЕДАГОГИКА факультеті

Жетістік!

Қазақ күресінен 2008-2009 жылы туған кіші жасөспірімдер, 2006-2007 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар, 2003-2005 жылы туған жастар мен қыздар арасында Батыс Қазақстан облысының чемпионатында 1-орынға ие болған Молданияз Бақнұра, Иманбаева Асемнұрды және 1-курстан бастап үлкен жетістіктерге жеткен Миразат Айбатыр мен Жанболатұлы Эльнарды шын жүректен құттықтаймыз!!!



Алтын ұяң - Отан қымбат

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Отан қымбат! Ештеңе жоқ одан қымбат!» атты студент жастар мен «РУХТАСТАР CASES» диалогтық кездесу өтті.

Кездесуде Ғайса Хамидоллаұлы, Асыланбек Зинатұлы, Шаттық Саматқызымен педагогика факультетінің де белсенді студенттері жүздесіп қайтты. Қонақтар жастарға жалындап тұрған шақтарында уақыттарын бос өткізбей, қазірден бастап еңбек етіп адал пайда табу жолдарының неше түрін ұсынды. Сонымен қатар, бұл кездесуде туған жер, атамекенімізді сүю, елге қызмет ету, депутаттыққа сайлану, өз бағын сынап көру мақсатында керемет мағлұматтар берілді.

Айдана ЫСҚАҚОВА,
ПМНО-11 тобының студенті



Ең соңғы кезеңі ерке шағымның

Өмірдің әр белесіне шыққанда адам баласы кезігетін қауіп пен қатерді емес, жеңіс пен бақытты көз алдына елестетеді. Соның бірі және бірегейі мектепті тәмамдап, жоғары оқу орнына түскен кездегі сәт.

Мектеп қабырғасында жүргенде студенттік шағымның қалай өтетіні көз алдыма елестейтін. Үлкен дәрісханада отырып дәріс тыңдау арман болатын. Кішкентай кезімде осы сынды көріністерді көптеген фильмдерден аңғаратын едім. Күндердің бір күні анаммен қалада жүргенде қара шаңырақ БҚУ-дың маңынан өттік. «Қандай әдемі университет! Бұл жерге түсу де, оқу да оңай емес шығар» деп ойладым. Анам сонда университетіміздің үздік оқу орны екенін айтты. Осылайша уақыт зымырап өте шығып, мектеп табалдырығын аяқтап, университет табалдырығын аттадық.

2019 жылдың 1 қыркүйегі. Барлық 1-курс студенттері қаз-қатар жиналған. Университет алдында тұрған жоғары курс студенттеріне қарап мен де ішімнен «жоғары курсқа келгенде мен де дәл осылай шәкіртақы иегері атанамын, мен де осылай

университет алдында тұратын боламын» деп айтқан болатынмын. Содан бері көзді ашып-жұмғанша 4 жыл уақыт зымырап өте шығыпты. Жаңадан 1-курсқа аяқ басқан менің ойлаған арман-мақсаттарымның көпшілігі орындалды. Соның бірі - ҚР Президенті атындағы шәкіртақы иегері атану болатын. Атаулы шәкіртақыға 3-курс кезінде іліктім. Сол кезден бастап басқа да шәкіртақы иегерлерімен бірге университетішілік шараларда бой көрсете білдім.

Студенттік шақ әр адамның өміріндегі ең маңызды кезең десем қате емес шығар?! Себебі, осы кезеңде адамның балалығы қалып, ересек өмірге қадам басады. Жаңа орта, жаңа достар, жаңа өмір. Менің студенттік кезімді есте қаларлықтай етіп өткізген қара шаңыраққа алғысым шексіз.

Нұрдана ЗАЙДАҒАЛИЕВА,
ДОВ-43 тобының студенті



Таусылмайтын әңгіме

Студенттік өмір – әр адамның өміріндегі қиыншылығымен, қызықтылығымен есте қалатын кезең. Төрт жылы төрт күн секілді көзді ашып-жұмғанша өтіп кетеді. Студент болғаннан кейін қарныңның аш болатын, ал шәкіртақы алған кезде тоқ болатын кездері болады. «Профессор», «лекция», «стипендия», «конференция», «рубешка», «семестр» терминдерімен танысасың. Алғашқы күндері аудиторияларды іздеп университет ішінде шарқ ұрасың. Мектептегі сабақтарды, ұстаздарды ұмытасың. Тек өзіңнің болашақ мамандығыңа қатысты пәндермен ғана білімді жалғастырасың. Студенттік өмір осынысымен қызық.

Өзіме келетін болсам аты-жөнім – Серікбаева Гүлсезім. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Педагогика факультетінің студентімін. Мен 3-курстың алғашқы оқу жылында ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері болдым. Мен де басқа студенттер

секілді қарапайым студентпін. Олардан не артықшылығым, не кемшілігім жоқ. Күнделікті сабаққа барып, сабақтан келіп, өзіме жүктелген міндеттерді уақытында орындаймын. Факультетімізде «ЖИТС-ке қарсы күрес» кездесуінің және «Тапқырлар тартысы» интеллектуалды ойын ұйымдастырушысы болдым. Әр шараны қызықты әрі ерекше қылып ұйымдастыруға тырыстым. Менің студенттік өмірім керемет өтуде. Өттегені, сол қызықты күндер тез өтуде. Міне, биыл үшінші жыл. Бір жылдан аса уақыт қана қалды. Иә, студенттік өмірдің қиын кездері де болады ғой, бірақ та олар уақытша ғана, өткінші...

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,
ПМНО-31 тобының студенті



Қайталанбас ғажап сәт

Адам өмірі түрлі кезеңдерден құралады. Әрбір кезеңдердің өзіндік ерекшелігі, қуанышы мен қайғысы қатар келген уақыттары және қайталанбас сәттері болады. Соның ішінде ең бір ыстық, жүрекке ерекше жылулық беретін өмір кітабының бір парағы - студенттік шақ.

Студенттік шақ бұл - мектепті жаңа ғана тәмамдап, әлі де бойында ыстық-суығы басылмаған, ата-анасы мен ұстаздарына еркелеп өскен, үйден жырақ шығып үйренбеген жас жеткіншектердің арман қуып, өмірдің ең үлкен бөлігіне аяқ басқан сәті. Студенттік өмірдің әр сәті адам санасында ерекше жаңғырып қалары барлығына аян. Осы қызыққа толы өмір балмұздақ болып бастау алады. Өзге қала, таныс емес адамдар, жатақханада өзге адамдармен бірге жүру, үлкен аудиториялар мен түсініксіз лекциялар қызығы мен шыжығы мол өмірдің алғашқы естеліктері. Әр 1-курс студенті үшін алғашқы сессия алынбайтын қамалдай, алғашқы шәкіртақы бүкіл өміріңе жеткілікті байлықтай, алғашқы 100 балл ең үлкен жетістік секілді, ал 50 балл өмір мен өлім мәселесі секілді болып көрінетіні белгілі. Бұл алғашқы сезімдер өмір бойы есте қалар тәтті естелік.

Алғашқыда әр студент еркіндікке қол жеткіздік деп есептеп ойларына келген әрекетті жасайтыны, жанындағы түрлі адамдар мен ағымдарға ілесетіні барлығына сөзсіз белгілі. Бірақ, студенттік өмір – зор мүмкіндіктер мен жарқын болашақтың бастамасы. Ол барлығына бірдей беріледі, ал оны кімнің қалай пайдаланары өзіне байланысты. Сол берілген мүмкіндікті өз орнымен пайдаланып, өмірдің ағысына қарсы жүзіп, өзіміздің лайықты әрі түзу жолымызды табу біздің басты мақсатымыз. Әр сәтті тек пайдалы әрі қызықты өткізу, бұл менің өткенім деп мақтанышпен айта алатындай бағытты таңдау біздің қолымызда. Жылдар өте келе студент атанған күннен бастап әрбір сәтті қуанышпен еске алар уақыт осы студенттік шақ болмақ. Өміріңдегі еркелігің мен балалығыңды тоқтататын ең соңғы кезең. Студенттік өмір - ең соңғы кезеңі ерке шағымның...!

Ақерке АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,
ПМНО-11 тобының студенті

Ауылым, аңсадым өзіңді

Туған жер - адам баласының кіндік қаны тамған, жанына, жүрегіне жақын, қимас сезімге бөлейтін алтын ұясы. Оның топырағы да, тауы мен тасы да ыстық болады. Әркімге өз ауылы, туған жері мақтан. Мен үшін де ерекше ыстық, балалық шағымның куәсі болған өлкем - Аралтоғай ауылы.

Ауылым 1957 жылы құрылған. Туған өлкемнің табиғаты мен тұрмыс тіршілігі бір бөлек. Балалық шағым туған ауыл көшелерінде алаңсыз ойнап өсуге өтті. Туған ауылым бәрінен де ыстық екен. Жазғы демалыс кезінде ауылдан сәл жырақ шығып, нағашы ата - апаларымның ауылына қидырсам, туған ауылымның түтіні мен шаңына дейін сағынамын. Ал ауылға қайтар кезде, ауылға жақындағанда бойыма ерекше қуат бітіп, туған ауылымның ауасын ауыз толтыра жұтып, әрбір жусан иісі мен шәрбат татитын суын шөлім қанғанша рахаттанып ішіп аламын. Туған бауырларыммен аунап - қунап қуаласып ойнаймын. Өз ауылымды еш жерге айырбастамас едім. Оқушы кезімде таңертең сабаққа сөмкемді арқама асып алып үй сыртына шықсам, апа - аналарымыздың қазан басында күйбеңдеп үй шаруасы, ас қамымен жүргені, көшеге шықсам, ауылдағы ақсақалдардың сиырларын азанмен өріске айдап, бір-бірімен қауқылдасып амандасып, жөн сұрасып тұрғандарын көремін. Бір ерекше көрініс.

Көше бойлап келе жатып, алдымнан аппақ жұмыртқадай, әсем бой көтерген орталық көшенің көркі балабақша мен әкімшілік орналасқан, одан әріректе менің алтындай жарқыраған мектебім орналасқан. Мектебім - Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп. Ондағы жүзі жылы апайларым күліп қарсы алады, сонымен қарбаласқа толы, қызықты сабақтар басталады. Міне мұның бәрін тәпшіштеп жазып отырғанымның себебі, әрбір адам баласына өз туған жері, ондағы орналасқан әрбір ғимарат, әрбір дүние ыстық. Өзімнің туған ауылыма деген махаббатым ерекше, әрбір адамның бойында мұндай қасиет болатынына сенемін.

Ақсана ҚАНИБАЕВА,
ПМНО-11 тобының студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім



ФИЛОЛОГИЯ факультеті

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҮШ ТІЛЕГІ

Биліктің бір ұшы халықта, енді бір ұшы басшының еншісінде болады. Бірі көкте, бірі жерде қалмауы керек. Таразының екі басы тең болса ғана мемлекет өркендеме. «Көреген басшы елді өсіреді» деген екен халқымыз. Осылайша елдің мұң-мұқтажына құлақ түріп, ой-пікірімен санасқан қазақтың біртуар азаматы, бүгінде туғанына 110 жыл толған көрнекті кеңес қайраткері – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Көрнекті қайраткер ел басқаруда игі қасиеттерді ту етті. Есімі ел есінен шықпайтын ұлы тұлғаның көшбасшылық ұстанымдары көпке үлгі. Біріншіден, ол адамдармен ашық, тікелей диалог жүргізуді бірінші орынға қойды. Осы арқылы қоғамды біріктірудің ең маңызды құралы ашық қа-рым-қатынас екенін дәлелдеп, шынайы демократияға қол жеткізді. Өзінің «От Сталина до Горбачева» атты еңбегінде: «Кәсібі, лауазымы, жасы әртүрлі адамдармен кездесудің практикалық қызметіме берері мол, – деп жазады Димаш Ахметұлы, – әңгімелесу барысында олқылықтарымыз, кемшіліктеріміз, қателеріміз ортаға шығады. Сұхбаттар барысында көптеген ұсынысты еншіледім. Осы кезде-сулерден мен жақсы энергия алып, іс-әрекетімнің дұры-стығына деген сенімдімді арттырдым» деп жазады. Ақын О.Сүлейменовтен: «Жазушылар мен әртістер кіділеу халық қой. Не айтады, қандай арыз-құрызы бар?» деп сұрағанының өзі – халық десе елеңдеп тұратын тұлға екенінің белгісі. Д.Қонаев өз ісін қалтқысыз орындаған, әр ұсақ-түйекке халық игілігі үшін мән берген көреген адам болған. «Мына жер Алматының қара түтінінен қашып келіп демалатын халық үшін теңіз жағасы болады» деп қолдан теңіз жасап, Қапшағай шаһарының іргесін қалаған. Осындай әрекеттерінен биліктің қай жағдайда да халық мүддесінен бөлінбеу керегін ескеріп, мәселелердің лезде шешілуін қаперде ұстағанын көреміз.

Екіншіден, о дүниеге сом түгіл соқыр тиын өтпейтіні сияқты жалт-жұлт еткен жылтырдан білім, өнер деген құндылықты жоғары қойған қайраткердің жомарт-тығында да шек жоқ. «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» - демекші, оның өзі де халыққа пана бола білді. Жығылған үстіне жұдырық болмай, қолын созып демей жүріп дем берген тұлға-ның даралығы осында еді. Ол қамқорлықпен көпті өз қанатының астына алды. Екеуі бірге бір мектептің партасын тоздырған қайраткердің замандасы, биші

Ш.Жиенқұлова өз естелігінде: «Өсіресе, қыз балаларға қамқор болатын. Сірә, адам бойындағы мәдениеттілік пен көрегенділік қасиеттің көзі – әйел затын құрметте-уден басталса керек» - деген екен. Кезінде өзі оқыған 14-мектептегі ұстазы Анна Павловнаны ұмытпай, оның баспана жайындағы өтінішін зер сала тыңдап, сол бойда шешіп берген екен. «Аз и Я» кітабы үшін идеологиямен арпалысқа түсіп жатқан О.Сүлейменовті қолдаушы, құтқарушы болды. Тарихи тақырыпта қалам термегені үшін қудаланған І.Есенберлинге де қанат бітірген еді. І.Есенберлиннің 1960 жылдар аяғында Д.Қонаевқа арнап жазған «Мұхиттан өткен қайық» туындысын өз заманында қоғам мойындамады. Ал 2021 жылы бұл романның жарық көріп, кітап сөрелерінен орын алғаны қуантпай қоймайды.

Үшіншіден, билік биігіне шығып, оған да қанағаттанбай жемқорлықтың құрығына оңай түскен үстемдерден гөрі Д.Қонаев секілді ұлт перзенттері байлығын қазынам деп білген жұрттың мерейлі ырысы үшін жұмсады. Қарындасы Р.Қонаеваның естелігінде: «Димаш аға Ғылым академи-ясына бірқатар институттарды ашуға, академиктер мен қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер салуға, аспирант-тарға арнап жатақханалар салуға көп көмектесті» делін-ген. Академик шені үшін алатын төлемақыдан бас тартып, балаларға жағдай жасау үшін жұмсағаны тағы бар.

Журналист Г.Толмачевке берген бір сұқбатындағы: «Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсирет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма» деген тілегі – Дінмұхамед Қонаевтың халқына көрсеткен жолы, бар болмысының көрінісі, сан жылдық мемлекеттік қыз-метінің жемісі.

Дәметкен САҒЫНБАЕВА,
«Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті

Менің өлкемнің тарихындағы отбасымның тарихы

Әрбір адамға туған жер ыстық, әрі өмірінде киелі орын алады. Туған жер - әркімнің дүниеге шыр етіп түскен жері, бауырында еңбектеп, қаз басқан алтын бесігі. Адам өмірі мен туып өскен жері әрқашан тоғысып жатады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланысты-рады. Менің туған жерім – Бөрлі ауданы, Бумақөл ауылы. Келешегі кемел, тарихы терең Бөрлі жері – қазақ тарихы үшін аса құнды жер, өзінің мұнай мен газ-кен орындарымен әлемге танылған тарихы тұнған мекен! Осы мекенде менің атам да туылған болатын.

Менің атам Бөрлі ауданының бел баласы. Бөрлі ауданы 1935 жылы құрылса, атам 1938 жылы дүниеге келген бола-тын. Қазыналы мекен қазыналы қарттарымен көрікті. Атам – Оразғалиев Жақсығали Қабдошұлы Бумақөл ауылының тұрғыны, бұл өңірде өмір бойы еңбек етіп, ауданның даму жолында тер төккен жанның бірі. Ол табиғаты әсем, таза ауасын тамсана жұтар ауылдың тұрғыны. Атам елге сый-лы, беделді азамат. Қары еріп көктемі жақындаған кезде туылған атам, бесіктен белі қатпай жатып жоқшылық пен аштықтың дәмін татты. Әкесі Қабдош колхозға колхозшы бо-лып қабылданады. Ел-жұрт қаһарлы жұттан еңсе түзеймін дегенде, соғыс басталып кетті. Сол сұм соғыстан әкелері қайтып келмеді. Анасы үш баламен жесір қалды, алайда арада бір жыл өтіп анасы да өмірден озады. Жетім қалған балаларды әкелерінің ағасы Құсман қарт өз тәрбиесіне алады. Атам соғыстың кесірінен тек төрт сынып қана оқуға шамасы келеді. Атамның айтуынша: «Мен бесінші сыныпты Бөрлі мектебінде қыркүйек, қазан айларында ғана оқыдым. Шаңырақтағы үлкен әжемізді бағатын кісі болмағандықтан мен оқудан қалдым. Ол уақытта тұрмыс нашар, қорадағы малға да беретін шөп, жем тапшы. Бала болсам да, соның барлығын біліп жүрдім. 1952 жылы қыста алғашқы брига-дирім Можанов Ғұмар ағайға барып «Аға, мені қызметке алыңыз» деп жалындым. Сол кезде ағай «Сен әлі жассың, тек 13 жастасың, жұмыс істей аласың ба? Ертең басқармаға

барайық, сонда белгілі болады» - дейді. Басқармаға алып келіп, жағдайымды түсіндірді. Мені жұмысқа алды. 1952 жылы қаңтар айының ортасында ат бағатын адам болып жұмыс жасадым. 50 шақты ат болды, соны бақтым. Бұл жерде қаңтар, ақпан айларында жұмыс істедім. Сосын ақпан айының аяғында Ғұмар ағай келіп, «Бұл жұмыс саған ауыр» деп мені малшылардың қатарына қосты». Сол жерде 1954 жылға дейін мал баққан ол, МТС-та оқып тракторшы мамандығын алды. 17 жасында тың игеру кезеңінде ДТ-54 тракторының рөліне отырып, колхоздың жерін жыртып, егін екті. Уақыты келгенде әскердегі Отан алдындағы бо-рышын өтеп келіп, тракторға отырып еңбегін жалғастырады. Отбасын құрып, алты баланың әкесі атанады. Жолдасы екеуі колхозда жұмыс атқарады. Перзенттері үшін еңбек етіп, өзі қиын заманда ала алмай қалған білімді, бейбіт заманда балалары оқып, таңдаған мамандықтарының иесі атануына барын салды. Атамды ауылдастары «Құрметті колхозшы» атап кеткен. Атам колхозда алдыңғы қатарлы механизатор болды. Бірнеше реттік медальдармен, 1974 жылдардан тың игерудің 20-30 жылдық, «Еңбектегі ерлігі» үшін, «Социалистік Орден» марапаттарының иегері болды. Сонымен 2020 жылы Бөрлі ауданының 85 мерейлі жылына орай атам құрметті медальмен марапатталды.

Бүгінгі күнге дейін атамның қасында отырып қызықты әңгімелерді өз ауызынан естігенді жаным сүйеді. Жеті атаны білу әрбір қазақ баласының парызы дейтін атам, сол бір әңгімелерден менің жеті атамның бірі атам Алакөз Апақ осы өңірде өмір сүрген. Алакөз батырдың елі Апақ жері Балапан көлінің маңында, бүгінгі таңда Бумақөл ауылынан 30 шақырым жерде орналасқан. Осыдан 300 жылға жуық уақыт өтсе де, Алакөз батырдың қонысы әлі де Апақ деген атауын жойған жоқ. Сол батыр жүрген сүрлем жолдар Ақмола, Ақсай, Аққұдық, халық тау деп атап кеткен Таймас тауы әлі де өз орнында. Бұрынғыша Шыңғырлау өзені, Балапан көлі әлі де аталар өткен өмір шежіресінде, әлі де

Бағалай біл барыңды

Бағаламай жүрдің-дағы барыңды,
Көптің бірі көрмеп пе едің сол жанды,
Арзан дүние қымбатырақ болып па еді?
Сені сүйген адал ерке қызыңнан....

Сен сүйесің, ол сүйеді білемін,
Сағыныштан құлазиды жүрегің.
Ол сезімді айта алмаған ешкімге
Ақ парақ пен қалам ғана білетін.

Бір күндері ұмытарсың сол жанды,
Жүректе естеліктер қалады
Барлығын да жоя алмайсың бірден сен,
Күліп, жылап өткізген күн, ай, жылдарды..

24 ай аз емес қой, жарығым,
Бағаламай өткіздің-ау барлығын,
Сезімің бар, сыйластығың болмаған,
Кінә сенен барыңды бағаламаған...

Лиана ЕДРЕСОВА,
Фил-11 тобының студенті

Ауылға

Шуынан қатты қаланың,
Аңсаймын иісін даланың,
Ауызда жүрер тамағым,
Ауылым саған барамын.

Өзіңе деген зор әнім,
Сағындым қысқы бораның.
Бірдеңе жетпей үнемі,
Шеткейде жүрген баламын.

Аңсаймын шайын ананың,
Іздеймін әнін ағаның.
Адамдардан соң ақ адал,
Малын сүйсем ғой қораның.

Бұлбұлы бақта сайраған,
Қазаны отта қайнаған,
Ұзатып ару ұядан,
Ұл туса шулап тойлаған.

Адалдық іздер пайдадан,
Баулары жасыл жайнаған,
Көршінің көңілі қандай,
Жаныңа сондай жайлы адам.

Ат арба жегіп айдаған,
Қазақылықтан таймаған,
Мақтаймын сенен туды деп,
Қара ұлды көрсем айнадан.

Қуандық ЖАНӘДІЛ,
Фил-21 тобының студенті

Я не могу иначе

Нет без тревог ни сна, ни дня, где то жалейка плачет,
Ты за любовь прости меня, я не могу иначе...
Я не боюсь обид и ссор, в речку обида канет,
В небе любви такой простор - сердце мое не камень!

Ты заболеешь, я приду, боль разведу руками
Все я сумею все смогу - сердце мое не камень!
Я примчу, ты мне скажи, бурно пройду и пламень,
Лишь не прощу холодной лжи - сердце мое не камень.

Видишь звезды в ночи зажглись, шепчет сынишке сказку,
Только бездушье губит нас, сжигает любовь и ласка
Я растоплю кусочки льда сердцем своим горячим
Буду любить тебя всегда - я не могу иначе.

Диляра БАТРГЕРЕЕВА,
группа ИЯ-12

халық жадында сақтаулы. Сонау казак-орыстарымен, қал-мақ басқыншыларымен жорыққа аттанған Апақ батырдың сүре жолдарын бүгінде шөп басқан. Өткен өмір, аталар та-рихы кейінгі ұрпақ жадында қалуға, сақталуға тиіс. Өйткені біз өткенді ескермей, зерттемей, бүгінгіні біле алмаймыз.

Менің атамның тарихы аудан тарихында үлкен орын алады. Өз атамның ерліктері мен ауданның гүлденуі жолындағы жасаған еңбектерінің мақтанышы кеудемді кернейді. Менің өңірімнің тағдырына өзінің үлкен үлесін қосты деп сенімді айта аламын. Менің осындай атам болғанына қуанамын, барлығына да үлкен мәртебемен, сезіммен айғайлап айта аламын, жүрегімде от лаулап мақтан тұтамын!

Асылжан УРАЗГАЛИЕВА,
Филология факультетінің 1-курс студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Ақторғын Жасқайратқызы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ

9-13 қаңтар аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Қысқы мектеп аясында «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» тақырыбындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жобасын енгізу және ауқымын кеңейту мақсатында профессор-оқытушылар құрамы үшін біліктілікті арттыру курсы өткізілді.

Жоба Финляндия НАМК, JAMK университеттерінің негізгі сарапшыларының басшылығымен, Назарбаев университетінің сарапшыларының қатысуымен жүзеге асырылуда. Жобаны жүзеге асыруға Қазақстанның 17 жоғары оқу орнынан педагогикалық әзірлеушілер қатысуда.

Жобаның негізгі мақсаты - бакалавриат пен магистратураның жаңа 30 білім беру бағдарламасын әзірлеу.

М.Өтемісов атындағы БҚУ командасы бұл жобада көшбасшы жоғары оқу орны ретінде «Биология», «Химия», «Жаратылыстану» білім беру бағдарламаларын даярлады. Топ



мүшелері «Физика», «Информатика», «Цифрлық педагогика» (магистратура), «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Музыкалық білім беру», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысты.


Бір апта бойы оқытушылар педагогикалық білім беру трендтерін талқылады, білім беру бағдарламалары мен пәндер силлабустарын даярлаудың

студентке бағдарланған және құзыреттілік тәсілдерінің негізгі қағидаттарын зерделеді, оқыту мен бағалаудың тиімді әдістерін қолдану, білім алушылардың әртүрлілігі мен инклюзивтілігін ескере отырып, білім беру ортасын жобалау бойынша тәжірибе алмасты.

Курс соңында жаңа білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін профессор-оқытушылар құрамын қолдау бойынша іс шаралар жоспары әзірленді.



ӨЛКЕ ӘДЕБИЕТІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Университет ғалымдары 2020-2022 жылдары АР08856195 «Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде)» жобасы бойынша ақын-жазушылар шығармалары мен олардың шығармашылық шеберханасын толықтай зерттеді.

Батыс Қазақстан аймағының әдеби мұрасын қалыптастырған, оның жасалуы мен зерттелуіне тамшыдай болса да өз үлестерін қосқан ақын-жазушылар: Ғабдолғазиз Мұсағалиевтің (1880-1933), Рахметжан Сәрсенбайұлы Малабаевтың (1884-1961), Нұғыман Сәрсенұлы Манаевтың (1894-1942), Әбу Сәрсенбаев (1905-1995), Жұмекен Нәжімеденов (1935-1983), Фариза Оңғарсынова (1939-2014), Мырзағали Іңірбаев (1952), Дариға Мұштанова (1954), Ершу Маржан (1977), Индира Кереева (1986), Гүлзада Ниетқалиева (1977), Талғат Мықи (1988) және т.б. шығармашылық мұрасына зерттеу жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде)» ғылыми монографиялар және қаламгерлердің үздік туындыларынан құрастырылып, жасақталған оқу хрестоматиялары, элективтік курсқа арналған оқу бағдарламасы, 31 мақала жарық көрді.

Аталған еңбектерді жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларына, ЖОО студенттеріне элективтік курс ретінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған.

Алынған нәтижелер негізінде Қазақстанның Батыс аймағының (Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Орал өңірі) ақын-жазушылары шығармаларының поэтикалық ерекшеліктері айқындалды, жанрлық-стильдік, идеялық-көркемдік, дәстүр және жаңашылдық ізденістері белгіленді. Жоба жетекшісі - университет профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мутиев Зинулла Жақсылықұлы.

Шараға Батыс Қазақстан облысының әкімі, облыстық әкімшілік құрылым жетекшілері, университет проректорлары мен профессорлық-оқытушылық құрамы және қадірлі қонақтар қатысты.

Алдымен «Бейтерек» атты бейнеролик көрсетілді. Бейнефильмде автордың бойындағы еңбекқорлылығы, ғылымға құштарлығы, әкесі Зейіт пен анасы Дәнекыз Рысбековтардан дарығаны жайлы айтылды. Кейін тарих ғылымдарының кандидаты Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлы жаңа

Зерттеуші ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтың ғибратты ғұмыры көпке үлгі-өнеге. Тұяқбай Зейітұлы Білім министрлігінің мақтау қағаздарымен, Ы.Алтынсарин медалімен, ҚР білім беру ісінің үздігі белгісімен, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атағымен, «Парасат» орденімен, көптеген шетелдік наградалармен марапатталған. Оған қоса талай жанға азық болған таңдамалы шығармалар мен жинақтардың авторы. Осы жолы да профессор Тұяқбай Зейітұлының ғылыми еңбектері жарық көрді. Атамекен өнер ордасында бірнеше еңбектің ресми тұсау кесері өтті.

ТАРИХИ ЖИНАҚТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



кітаптың мазмұнын, оның қоғамға берер пайдасы туралы жіті түсіндіріп шықты. Оның ішінде бұрын жарық көріп, кейін қайта толықтырылған еңбектері де бар.

Жиын барысында облыс әкімі Нариман Төреғалиев:

- Ұлттық тарихи сананы қайта жаңғырту жолында Тұяқбай Зейітұлы аянбай еңбек еткені баршаңызға мәлім. Оған дәлел, өзі ректорлық қызмет атқарған кезінде Орал педагогикалық институтында «Қазақстан тарихы» кафедрасы ашылды. Отан тарихынан диссертациялық кеңес тұрақты

жұмыс жасады. Соның нәтижесінде ол ғылымға ынтасы мен табиғи икемі бар қазақ жастарына бағыт-бағдар беріп, шәкірттерінің рухани әкесіне айналды, - дей келе ҚР Жоғарғы оқу орындары қауымдастығының А.Байтұрсынов атындағы орденін тарихшы-ғалымның омырауына салтанатты түрде тақты. Өз кезегінде тұсаукесерге келген бір топ зиялы қауым өкілдері ақжарма тілектерін жеткізді. Айта кететін жәйт, тұсауы кесілген жаңа туынды 500 дананы құрайды.

Шарада сөз алған М.Өтемісов атындағы



Батыс Қазақстан университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Қажымұрат Мақсұтұлы:

- Тұяқбай Зейітұлының 758 ғылыми еңбегі, 25 ғылыми монографиясы, 26 оқулық пен оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. Бұл еңбектің артында үлкен шығармашылық жұмыс тұр. Ғылыммен айналысу инемен құдық қазғандай. Сондықтан, оның әр еңбегі көп жылдық ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жемісі деп білемін, - деп атап өтті.

Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаттары және 68 ғылым магистрінің ғылыми дәрежесін алуына мүмкіндік жасады. 50 жылдан астам ұстаздық қызметінде түлеп ұшқан 10 мыңдаған шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірі мен шетелдерде абыроймен қызмет атқаруда. Кеш барысында сол шәкірттерінің бір сыпырасы көрініп, ұстазына деген жылы лебіздерін арнады.

Мейірман НҰРМАНҰЛЫ

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХОВ В РФ

В рамках грантового проекта «Духовные святыни казахов ближнего зарубежья (на примере приграничных с Западным Казахстаном областей РФ)» учеными ЗКУ им.М.Утемисова под руководством доктора исторических наук А.М. Нургалиевой были проведены исследования местных духовных святынь казахов, проживающих в РФ и их типологизация. Описаны пять типов сакральных объектов. К ним относятся захоронения выдающихся религиозных деятелей, мусульманских, проповедников, целителей. Примером является мавзолей Сеид-бабы, который находится в селе Малый Арал Астраханской области, почти у самой границы с Казахстаном. Могила знахарки Айжамал Зауршише. Есть предположение, что Айжамал пригласил из Сирии сам Бокей-хан и она была широко известна на Востоке в конце XVIII – начале XIX веков.

Усыпальницы светских лиц – родоначальников, правителей, светских лиц, наделенных, по мнению народа, священным даром, природным талантом, или совершивших подвиги во имя народа. Примером таких объектов является мавзолей правителя Букеевской орды Бокей-хана (около 1742 – 12 мая 1815) и мавзолей великого казахского композитора-домбриста, «прародителя кюя» Курмангазы Сагырбаева (Сагырбайұлы) (1823–1896). Отдельным типом сакральных объектов являются святыне места, имеющие отношение к культу природы: сакральные леса,



рощи, озёра, реки): священная гора Большое Богдо, урочище Святой камень

(гора Алеутас), расположенное кюго-востоку от села Перовка Соль-Илецкого района Оренбургской области, гора-шишка Корсак-Бас на Илекско-Хобдинском плато, родник Карашаш в Акбулакском районе рядом с селом Советское.

Исследованы также захоронения людей, почитаемых только в пределах одной области или района. Среди таких почитаемых объектов – одинокая могила Бисмам Ата, в степи неподалеку от Соль-Илецка и могила поэта-песенника и журналиста Мажилиса Утежанова в селе Алтынжар Володарского района.

Состоялись встречи с членами Астраханской региональной общественной организаций Казахской культуры

«Жолдастық», Саратовской региональной общественной организации «Национально-культурный центр «Ассоциация поволжских казахов», волгоградского Фонда «Наследие Казахстана». В рамках проекта была проведена международная научно-практическая онлайн-конференция «Роль приграничного сотрудничества в изучении и пропаганде знаний о духовных святынях казахов».

С целью пропаганды знаний о духовных святынях казахов члены исследовательской группы – научный руководитель А.М.Нургалиева и старший научный сотрудник Калиева Ж.А. приняли участие в телепередаче «Куншуак» областного телевидения, посвященной теме «Духовное наследие казахов России».

К.М. АХМЕДЕНОВ,
проректор по научной работе и
международным связям, кандидат
географических наук





ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті



ЖАСТАР және ҚОҒАМ

Тарих, экономика және құқық факультетінде
«Өңірдің қоғамдық-саяси өміріне жастардың
белсенді араласуы» тақырыбында сұрақ-жауап
кездесуі өткізілді.

Кездесуге Облыстық саяси кеңес мүшесі, Облыстық мәслихаттың VII шақырылым депутаты Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлы мен Облыстық саяси кеңес мүшесі, «Jastar ruhy» ЖҚ БҚО филиал төрағасы қатысты.

Бұл іс-шарада Халықаралық қатынастар, Заңгер және Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау мамандығының 1-2 курс студенттері белсенділік таны-

тып, келген қонақтарға өз ойларында жүрген сауалдарын қойып, толықтай жауап ала алды. Аталған іс-шараны ұйымдастырушы модератор М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Қонысбаев Абылай Оңғарұлы тақырыпты толықтай қорытындылап, студенттерді қазірден бастап мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысуға шақырды.

Ұстаз - ұлы есім

Бүгінде адам жанын ізгілікке баулып, жүрекке жылулық нұрын себетін аяулы тұлғаларымыздың кәсіби мерекелері атап өтілуде. Осыған орай, қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде білім алған әжем жайлы айтқым келеді. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегінің ерен екенін көкірек көзі ояу кез-келген жанның ұғынары анық. Ал, қастерлі мамандықтың қадірлі иесі болу үшін жоғары білім игеруден бөлек, өнегелі өмір тәжірибесін өткеру керек.

Ақбаева Баянслу Кисағалиевна - 1935 жылы 1 мамырда БҚО, Зеленов ауданы, День красной армии колхозында (қазіргі Кордон) деген ауылда туып-өскен. Балалық шағы соғыс жылдарына таяу келіп, он бір жасына дейін тылда әкесінің, апасының бұзауларын бағады. Ол кезде ауылда мектеп жоқ еді. Он бір жасынан Ждановтағы орыс мектебіне бірінші сыныпқа барып, 1954 жылы мектепті жақсы тәмамдайды. Сол жылы Орал қаласындағы педагогикалық училищесінің қазақ группасына, бастауыш сынып мұғаліміне оқуға түсіп, осы мамандық бойынша білім алады. Училищеден кейінгі жұмыспен өтеу жылдары БҚО, Чапай ауданы, Киров орта

мектебінде өтеді.

1961-1962 жылдары БҚО, Тайпак ауданы, Базаршоландағы Қаракөл совхозына атамиздың ауылына көшіп барып, «Сұлтан» бөлімшесіне өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасады.

1965-1966 оқу жылының 1 қыркүйектен 4 сәуір аралығында Шектібай бастауыш орта мектебінде жұмыс істейді. Өлі күнге дейін әжем өзінің оқушыларының есімдерін де жатқа біледі. Оқушылары: Жексенбаева, Искабулов Мақсот, С.Түрекешов, Өтегенов Мардан және т.б.

1965-1966 жылдары Базартөбе совхозында сегіз жылдық мектепте бастауыш сынып мұғалімі ретінде қызметін жалғастырады. Мектептің қоғамдық өміріне белсене араласқан білікті ұстаздың бірі болады.

Қазіргі таңда да әжем көпжылдық тәжірибесі бар ұстаз болғандықтан, қоғамдағы жасөспірімдердің тез өзгерулерін байқап, балаларының тәрбиесі жақсы болсын деген ниетте ақыл-кеңестерін беріп отырады. Мен осындай әжеммен мақтанамын!

Сымбат УРМАНОВА,
Ист-13 тобының студенті

Атағың, асқақтай берсін, АЛТЫН ОРДА

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті - қабырғасы осыдан тура 90 жыл бұрын қаланған қасиетті мекен. Жайықтың жағасындағы алып білім ордасының жеткен жетістіктері мен шыққан асулары жетерлік. Тіпті, биылғы 1 курстардың көбі дүниеге келген жылдың, яғни, 2005 жылдың өзінде-ақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстанның бірінші жоғары оқу орындарының қатарында болып «SPI Алтын белгісінің» лауреаты атанды (Париж, Франция). Жетістіктің барлығын жіпке тізіп отырған да дұрыс болмас. Алайда, жоғары оқу орнының Қазақстандағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен кейінгі ашылған екінші педагогикалық бағыттағы университет екенін атап өтпегеніміз қате болар. Келесі атап өтетін жайт, университет ұжымының санға емес, сапаға жұмыс істеуі. Себебі, «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деп Аристотель айтпақшы, болашақ маман жан-жақты әрі болашаққа өз үлесін қосатын азамат болуға тиіс.

Университетіміздің қабырғасынан білім алған

65 мың маманмен мақтанбасқа болмас. Себебі, оның арасында, ҚР БҰҰ жанындағы тұрақты өкілі – Б.С.Әйтимова, Елорда – Астананың әкімі, саясаттану ғылымдарының докторы, БҚУ-дың құрметті профессоры – И.Н. Тасмағамбетов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты – Ж.Ш.Кәкішов, Екі мәрте Кеңес Одағының батыры, ұшқыш – Л.И.Беда, ҚР мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің архивтер мен құжаттарды басқару комитетінің төрағасы – Р.К.Сариева, ҚР Парламентінің бұрынғы сенаторы, жазушы – Э.Г.Ғаббасов, Татарстан Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы – Р.И.Нафигов, КСРО ҒА Поволжье археологиялық институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы – Б.Железчиков, ҚазССР Ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – А.Д.Тайманов, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты – Е.И.Тарасенко, биология ғылымдарының докторы, профессор – Е.А.Ағелеуов және т.б. атақты адамдардың қатары бар. Демек, біздің де осы тізімді

Алтын ордам-БҚУ

Университет Махамбеттің атындағы Арма Ақ Жайықтың оңтүстік жағындағы Бәріміз мақтан тұтар тұлғалардың атын алған Молдағұлова Алияның мектебі жанындағы.

Құс болып ұшып келіпсіз арман қуып,
Талаптыларды университет алыпты жиып,
Көрген мен білгенін есте сақтар,
Студент саны жетіпті 3000-ға жуық.

Талай мықты шыққан бұл ордадан,
Ақын, министр, айбынды сарбаз ел қорғаған,
Біз де солардың ізін жалғап көрейік деп
Махамбетке грантқа түсу болды арман.

Оқыған осы үш айдың ішіндегі
Сезімдерді сөзбен айту мүмкін емес.
Мен енді Махамбеттің студентімін,
Орындалды арман, кезінде көрінген елес.

Болашақта шығармыз біз маман болып,
Универден ішінде жүрген ойнап-күліп,
Ол күн өте ерте келмесе екен,
Жүре берсем ғой, мәңгі Махамбет студенті болып.

Диана ХАСАН,
Ист-13 тобының студенті

Жасай бер, Махамбет!

Батылдықтың көрсеткен сан үлгісін,
Уа Махамбет, өзгелерден ұлысың.
Ең ерекше ең ғажайып ақынсың,
Қаламымен қоса алған қылышын.

Қойған таңдап бабамыздың атына,
Сай болып тұр тұлғасына,затына.
Койнауында 90 жылдық тарихы,
Сыйлап койған универді батырға.

Нұрүстем САЙЛАУ,
Рег-11 тобының студенті

Я – студент

То было так давно.
Я тоже в первый раз,
С толпой ребят,
Явилась в первый класс.

Нашла друзей, соперников
Урок любимый, и не очень.
Читать, писать учились
Мы все старались как могли,
И получилось.

Я помню, как сейчас,
Учили алфавит.
И складывали фрукты, овощи,
А бывало и машины.

И это было так давно,
Но кажется, что лишь вчера,
С толпой ребят
Я явилась в первый класс.

Сейчас я там, где так хотела.
Университет мечты открыл мне двери
И принял, как родную дочь.

Здесь не утихают активистов голоса.
Здесь жизнь кипит, бурлит и бьется,
Словно в руднике вода.
Здесь новые знакомства, друзья, учителя.
Здесь даже дышится свободней.

Я вам даю большой совет,
Идите к нам в университет.

Айлана НАРИМАНОВА,
группа Юр-12

жалғастыруымызға үлкен мүмкіндік бар. Сол үшін бұл жолдан таймай, мықты маман болып шығу жолында қалап таңдаған университетіміздің бүгіні мен ертеңі болуға тырысайық!

Диана ХАСАН,
Ист-13 тобының студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Төлеу Аяулым



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Шеберлік сағаты өтті

Жақында информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинарының жоспарына сәйкес «Білім беру үдерісінде иммерсивті технологияларды қолдану мәселелері мен перспективалары» тақырыбы бойынша шеберлік сағаты өткізілді. Семинарды оқытушы, магистр Л.Е.Рамазанова жүргізді. Семинар кафедра ПОҚ арасында білім беру үдерісінде жаңа технологияны қолдану тәжірибесімен бөлісу мақсатын көздеді.

Семинарды жүргізуші Л.Е.Рамазанова алдымен иммерсивті технологияға тоқталып өтті. Ол өз сөзінде иммерсивті технологияның кеңейтілген шындық технологиялары екенін, олардың тізіміне виртуалды және кеңейтілген шындық, сондай-ақ 360° бейне кіретінін айтты. Иммерсивті технологияның балама кеңістікте толық немесе ішінара болу әсерін қамтамасыз ететініне және осылайша мүлдем басқа салалардағы пайдаланушы тәжірибесін өзгертетініне тоқталды. Сонан соң, семинарға қатысушылар иммерциялық технологиямен жұмыс жасаудың EyeJack Creator, CoSpaces Edu компьютерлік қосымшаларымен танысты. Атап айтсақ, EyeJack Creator—кеңейтілген шындық қолданбаларын жасауға, көруге және бөлісуге мүмкіндік беретін болса, ал CoSpaces Edu— бұл әр түрлі жастағы балаларға арналған онлайн-платформа. Бұл бағдарламалық құралды мектепте және сонымен қатар, қашықтан сабақ беру үшін қолдануға болатыны айтылды.

Семинар барысында кафедра мүшелері EyeJack Creator, CoSpaces Edu компьютерлік қосымшаларын ноутбуктеріне және ұялы телефондарына жүктеп, практикалық жұмыстар орындады. Алдымен дайын шаблонмен жұмыс жасап, соңынан өздері панель жасап,



өз бетінше виртуалды және кеңейтілген шындық бейнелер құрастырды.

Семинар нәтижесінде кафедра оқытушылары білім беру үдерісінде иммерсивті технологиялармен жұмыс жасаудың EyeJack Creator, CoSpaces Edu компьютерлік қосымшалары бойынша өзінің тәжірибесімен бөліскен Л.Е.Рамазановаға алғыстарын жаудырды.

Ғ.Г. МУХАМБЕТОВА,
кафедраның ҒӘС-ның жетекшісі

Жаңа Қазақстан үшін

Әлем картасынан ойып тұрып орын алған, алға қарай қарыштап дамып, гүлдеп, мәуелі бйтеректей жапырақ жайып, тамырын тереңге бойлатып өсіп келе жатырған ел - менің Қазақстаным. Қазақ - түркі сөзі. Бастапқыда ерікті, еркін деген мағынада қолданылған. Ал кейіннен тәуелсіз өмір сүрген еркін адамдарды “Қазақ” деп атай бастаған. Жаңашылдыққа, жарқын болашаққа ұмтылып, ұлы мақсатты бетке алып отырған елдің жаңа келбетін қалай елестетеміз?

«50 жылда ел жаңа» демекші жақында Тәуелсіздігімізге 30 жыл толды, бұл дегеніміз 50 жылдың да ауылы алыс емес екендігін аңғартады. Бас аяғы 20 жыл уақыт ішінде елімізді қандай өзгерістер күтуде? Ал 30 жыл ішінде қаншама өзгерістер орын алды. Менің ойымша жаңа Қазақстан үшін жасампаз жастар, жаңашыл халық қажет.

Бүгінгі жастар - ертеңгі ел тірегі, олар жасампаз болуға тиіс. Бұл қасиет қандай да заман болмасын елдің алға дамуына, бар қиындыққа төтеп беріп нық тұруына кепіл береді. Ел болашағы үшін түбегейлі өзгерістер керек, ескі заман ескішілдік тұрмысынан, ескіше ойлаудан аулақ болу қажет. Әрбір жасалған істен жаңа мүмкіндік пен жаңа бастамаларға жол көре білу, бұл сананы қайта жаңғыртып, жаңа заманға сай түзіп өзгеру. Қазірде бұны неоромантизм деп атайды. Нео ағылшынның new — жаңа деген сөзінен алынған, яғни бұрынғы дәстүрлер мен мәдениетті жандандыру, қазіргі заманға сай қылып өзгерту. Неоромантизмге бет бұру арқылы ұлттық құндылықтарымыздың қайта қолданысқа келуіне сеп болар еді. Мысалға, қазақтың ұлттық киімдеріне өзгеріс енгізіп, қазақы нақышта қайтадан сәнге кіргізу, қазірде халқымыздың ұлттық кодын, ерекшелігін дәріптеуде өте керемет серпіліс болар еді.

Білімдегі бәсекелестік Қазақстанның болашақта әлем елдері арасындағы бәсекелестікке қабілеттілігіне өз әсерін береді. Ал білімге деген құлшыныс тәрбие мен адам бойындағы патриотизмді арттырады.

Қазіргі кезде адамдарда жиған білімді өмірде, іс жүзінде пайдалану мәселесі біраз кедергі келтіруде, көпшілігі өздері білім алған мамандық бойынша жұмыс жасамай өзге салаларда қызмет етуде. «Торғай сойса да қасапшы сойсын», - дегендей әрбір істі өз маманы жасау керек, сол себептен Қазақстанның дамуында кедергісіз өткенін қаласақ мамандар мәселесі де өз шешімін табуы тиіс.

«Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы», - испан жазушысы Мигель де Сервантес Сааведра айтқандай тарихтың, ел болашағы мен бүгініндегі маңызы зор. Жаһандану процестері кезінде өз тарихын ұмытып тек алдыға қарай аңдаусыз аяқ басып келе жатқандар да бар, бірақ олардың болашағы қандай болары беймәлім. Біз - тарихы тереңге жайылған ұлы халық ұрпақтарымыз. Бабалар аманатын орындап елді жарқын өмірге жетелеу баршамыздың міндетіміз. Сол себептен де бір басқан

жерден тағы да қате кетіп, опық жемес үшін де тарихымызды білу абзал болмақ.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев айтқандай «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде». Еліміз мәңгі болсын десек мәңгілік мәртебелі тіліміз болуы шарт. Тіл - ұлтың жаны, халықтың бейнесі. Сол себептен өзге тілде сөйлеп, тіптен сол тілде ойлау біздің қоғам басына түскен үлкен қауіп. Бұл қатердің күннен-күнге үдей түсуі адам бойындағы патриотизм рухының жоғалып бара жатқандығының бір көрінісі. Біз «егер ертең туған тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге дайынмын» деп тұрған асыл халық ұрпағы екендігімізді ұмытпауымыз керек. Адам өз ана тілін ұмытар болса өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Сол себептен де анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ешқашан ұмытпай, халқымыздың бүгіні мен болашағынан да, тарихынан да сыр шертетін қазақ тілінің бағасын біліп, әрдайым мәртебесін асқақтатып жүруіміз керек.

«Білім — кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Сондықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады». Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазір білім жарыстыратын заман. Білім - адам баласының ортақ қазынасы деп бекер айтпаған. Адамзаттың көкірек көзін ашып, алға қарай дұрыс жол сілтейтін де білім. Халықтың кемеліне келіп шарықтап өсуіне, қанатын кеңге жайып еркін самғауына да білім ауадай қажет. Ал білім бастауы кітапта, осы құрал арқылы да ой көкжиегінді кеңейтіп жақсы болашаққа бір адым жақындаймыз. Меніңше, ел болашағы білімділер қолында, сол себептен егер жарқын болашаққа елімізбен бірге жеткіміз келсе, барынша білім нәрімен сусындап, бойымызды жақсылыққа толтыруымыз керек. Сонда ғана елге пайдамыз тиетін болады.

«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - деп Әл-Фараби бекер айтпаған. Білім болашақта маңызын жоғалтпайды, дегенмен білімді жақсы бағытқа бұру керек, яғни ел дамуына үлес қоса отырып, біз алған білімімізді пайдалы іске жұмсаймыз. Дегенмен адам бойында тәрбие ұшқыны да болмайтын болса, онда ондай білімнен ешкімге пайда келмейді, тіптен зияны тиісі мүмкін. Адамның өмірде қалыптасуына әсер ететін бірден бір фактор ол - тәрбие. Тәрбие тал бесіктен демекші, егер ел болашағы мықты болсын десек темірдей тәртіп пен дұрыс тәрбие болуы керек. «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», - деп Б.Момышұлы да айтып кеткен. Сол себептен егер де осы атап айтқан тарих, тіл, тәрбие сынды тараптар жақсы қаралар болса, ел болашағының айқын боларына мен сенемін.

Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Өз елінің ертеңіне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды», - деген болатын. Бұл сөздерге тарих сахнасынан

Тәуелсіздік-тұғырым

16 - желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты тәрбие сағаты озыдырылды Тәрбие сағаттың мақсаты - еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, студенттерге желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Шәкірттердің туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, сыншылдыққа тәрбиелеу.

Шара жүргізушілері И-41 топ студенттері Махамбетұлы Ералхан мен Орынғали Аружан:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті

Тәуелсіз Қазақстан – елім менің! - атты өлең шумақтарымен кураторлық сағатты ашты. Келген қонағымыз да болды, ал - ҚР тарих кафедрасының оқытушы, магистрі Ихсанова Айнур Бекжанқызы. Өз баяндамасын студенттермен кері байланыс жасай отырып, қазақ халқының қалай тәуелсіздікке қол жеткізген тарихын керемет түсіндірді.

Тәуелсіздік – ол біздің ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 31 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата - бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.

Шараны қорытындылай келе аға куратор Булбул Сагинғалиевнаға сөз беріледі. Өз сөзінде бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі, бүгінгі тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты тәрбие сағатымыз өз мәресіне жеткенін айтып, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болуын тілеп, барша ат салысқан әріптестері, келген қонағымызға және студенттерімізге өз алғысын білдіріп шараны аяқтады.

ФИ-11 тобында Ә.Нұршайықовтың туғанына 100 жыл толуына орай М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлының қатысуымен «Ақиқат пен аңыз» атты мерекелік шара өтті.

Ақиқат пен аңыз

Кеш күмбірлеген қазақтың қара домбырасымен басталды. Г.Сагидуллиева Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйін тартып мерекелік көңіл-күй сыйлады. Кештің жүргізушілері Е.Ермуханбетов пен А.Избасарова өткен ғасырдың II жартысындағы қазақ прозасының еңсесін тіктеп, шығармалары арқылы ел жүрегіне еркін жол тапқан қарымды қаламгер, қарт майдангер, журналист, қазақ көркем сөзінің ірі өкілі Ә.Нұршайықов туралы қысқаша баяндады. Кеш қонағы Зейнолла Жақсылықұлы «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының жазылу ерекшелігіне тоқталып, осы романның басты кейіпкері Б.Момышұлы туралы мол мағлұматтар берді. Студенттер жазушы шығармаларындағы адам әлемі, өмірі мен еңбегі, адалдық пен әділеттілік, кісілік пен кішілік, игілік пен ізгілік сынды сыр-сипаты жоғары қасиеттерді ойларына түйіп ықыласпен тыңдады. А.Жусубалиев пен Д.Дюсенбек кітаптың соңғы беттеріндегі Ә.Нұршайықов пен Б.Момышұлының диалогтарын оқып кешті қорытындылады. Арыстандай айбатты аңыз тұлғаның өнегелі өмірін қағазға шайнайы етіп суреттеген қарт майдангер журналистің еңбегі бүгін ақталды деп білеміз. Ер есімі ел есінде бола бермек!

орнын жоғалтқан мемлекеттер дәлел бола алады. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру елімізді ұлы арманымызға жету жолына алып келеді. «Кеше мен бүгін - біздің амалдарымыз, болашақ - біздің мақсатымыз» дей келе, кемел келешек пен жарқын болашақты өз қолымызбен жасауға деген сенім елімізді биік белестерге жетелеріне нық сенімдімін.

Ойымды қорытындылай келсем, Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз егемендігімізді, тілімізді сақтап Жаңа Қазақстан болу үшін бәріміз бірігіп аянбай еңбек етуіміз керек.

Айсейіт АДИЛХАНОВА,
ИР-11 тобының студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Утепбергенова Гүлжауар



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

Махамбет үздіктері

Талаптанып, білім мен өнер үйренген дарынды жастарымыздың еңбегі елеусіз қалмады. Еңселі жыл соңы университет қабырғасында біліммен қоса қоғамдық өмірде белсенді болып биіктен көрінген жалынды студенттердің құрметіне «Махамбет үздіктері» салтанатты марапаттау кеші өткізілді. Студенттерімізбен әрдайым бірге бола білген Нұрлан Хабиболлаұлы бастап жалынды сөздерімен жастарға тілек білдіріп, жолдарының ашық болуын тіледі. Мерейтойлы жыл университетіміз үшін табысты әрі жетістікке толы жыл болды.



Факультетімізден бой көтеріп, шығармашылық жолында еңбектері еселенген талантты студенттеріміз ректор атынан Алғыс хаттармен марапатталды. Өз мамандықтарының жауапкершілігін

сезініп, болашағының бастауын ашып жатырған студенттерімізге бұл үлкен серпіліс сыйлағаны анық. Болашақ жастардың қолында екенін тілге тиек еткен ректор сөзі студенттерімізге рух

бергендей еді. Өнерлерімен көзге түсіп жетістіктері артқан «Мұрагер» студенттік театры «ЖЫЛ ЖАҒАЛЫҒЫ» атанды. Барша марапат иелерін құттықтаймыз. Әр құрметке лайықсыздар!


Көрерменді таңқалдырудан жалықпайтын «Мұрагер» студенттік театры өзінің кезекті қойылымын қойды. Осы жолы көрерменге жол тартқан туынды Т.Ахтановтың «Күшік күйеу» шығармасынан алынды. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты Әсел Иманғалиқызы жетекшілік еткен Жолдасова Шамшырақтың режиссерлік еңбегі сәтті көрінді.

Студенттеріміз жыл басынан тоқтаусыз еңбектеніп, оқытушылармен тығыз қарым-қатынаста болып үлкен жетістікке жете алды. Әр түрлі бағытта қойылған қойылымдар көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, көзайымға айналды. Алдағы уақыттада шығармашылықтарыңыз шарықтап, еңбектеріңіз шыңдала берсін.


«Күшік күйеу» қойылымы университет қабырғасында білім алып жатқан студенттерге алыс шығарма болмады. Күнделікті күйбең тіршіліктің ортасында жүрген жастарымыз өздерін сахнадан көргендей әсер соңы жақсы әрі мәнді аяқталатынын тағы еске салғандай болды. Сол үшін үлкен алғыс білдіреміз.

Қойылым соңында факультет деканы Қарлығаш Рахымқызы сөз сөйлеп, студенттік ұжымға алғысын білдірсе, хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасының меңгерушісі Қарлығаш Дайырғалиқызы 15 жылдық тарихы терең студенттік театрдың ғұмыры талантты студенттермен ұзақ болатынын мәлімдеп, зор қуанышпен құттықтады.

Күшік күйеу



Жүрек ізі



Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының қолдауымен Қадыр Мырзалиев атындағы мәдениет және өнер орталығында жас әуесқой ақын, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің, Мәдениет және өнер факультетінің «Вокалдық өнер» мамандығының 4-курс студенті Асылбек Қуанышқалиевтің алғашқы «Жүрек ізі» атты кітабының тұсаукесер кеші өткізілді. Тағылымдық мәні зор кештің форматы да, халыққа берер әсері де кең көлемде болды. Тұла бойына біткен таланттық жолы мен әсерлі сөздері тыңдарманның жүрегіне жеткендей болды.

Өлемнің әр жерінде саяхат жасап, өзін бар болмысымен қабылдай білген, тәнінің зағиптығына қарамай өзінің «Өмірде шектеу жоқ» деп көпке үлгі болып жүрген Ник Вуйчич секілді көпке үлгі болған жас ақын көрерменге үлкен ой қалдырды. Студентімізге тілейтініміз шығармашылық жолының ашық әрі жетістікке жеткізер тың жобаларының сәтті болуы. Өнердегі басқан қадамың нық болсын. жігерің талмай, қаламың мен шабытың сарқылмасын!

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Зада Бақтығали

Желтоқсан айында М.Өтемісов атында Батыс Қазақстан университетінде талантты да талапты студенттердің құрметіне «Махамбет үздіктері» атты салтанатты шара ұйымдастырылды.

АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫ

Шара барысында өмірі өнерге толы, қазақтың біртуар азаматтарының бірі, университет түлегі, Мәдениет және өнер факультеті деканы, «Хореография және мәдени-тынығу жұмысы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр Исатаев Мейрам Исатайұлын еске алу мақсатында «Исатаев Мейрам Исатайұлы» атындағы жастар сыйлығы табысталды.



Үміткер болып университетіміздің белсенді, көзі от, жүрегі жалын студенттері тіркелді. Солардың арасынан арнайы құрылған алқа мүшелерінің шешімімен бір ғана студент жастар сыйлығын иелене алды. Ол - Мәдениет және өнер факультеті «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының 4-курс студенті Елшинбекова Рысты Сырбайқызы.

Құрметті Рысты Сырбайқызы! Өмірде әрдайым алда болып, жастарға үлгі болатындай азаматша болғайсыз. Жігерің сенбей, жақсылықтың жаршысы болып, адалдықтың ақ туын биік ұстағайсың. Шын көңілмен құттықтаймыз!



ЖАРАТТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті



2023 жылы күллі Алаш жұртының даңқты перзенті, күрескер тұлғалы кемеңгер ақыны – Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл. «Ақынның ақыны» атанған ойшыл қаламгер болашақ жайлы жиі ой қозғайтын. Бар болғаны қырық бес

Мағжанның мұңы – мұнар, арманы – шын

жыл ғұмыр кешкен (1893 жыл 25 маусым – 1938 жыл 19 наурыз) данышпан ақын барлық тақырыптарда өлеңдер мен ой-толғаулар жазған аса көрнекті дауылпаз азамат екені даусыз.

«Тар заман, тайғақ кешуде» ғұмыр кешкен ұлы бабамыз барлық арман-тілегін келешекке артып, болашақ жастардан ғана үміт күткен секілді. «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты –

Мен жастарға сенемін» - деген өлең жолдарынан үлкен ғұламалықты байқаймыз.

Біздің ойымызша, өлмес өлең жазып, күндер, жылдар өтсе де құндылығын жоймайтын жырларды ескерткіш етіп қалдыру нағыз ақынның бақыты болса керек. Бабалардың асыл мұратын ту етіп көтеріп, замана ауанын қапысыз меңгеріп, алаш жұртының мақтан етерлік ұлағатты ұрпағы бола алсақ қана алаш қайраткерлерінің бізден күткен үмітінің ақталғаны деп білеміз!

УНИВЕРСИТЕТ МҰРАЖАЙЫНА САЯХАТ

«Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады» - деп Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан

бұл өте дұрыс, өйткені студенттер мұражайдың бірегей экспонаттарымен танысуға, сондай-ақ мұражайға қойылған осы немесе басқа заттармен байланысты көптеген таңғажайып оқиғаларды

Университет мұражайы – университеттің идеялық, тәрбиелік, ғылыми, білім беру құрылымы. Мұражай идеологиялық жұмыстарды жүргізуде үлкен маңызға ие. Сонымен қатар студенттер



Әбішұлы айтқандай, тағылымы мол өткен күндерден мағұлмат беретін мәдени орта ол музей екендігі анық. Өңіріміздің тарихи-мәдени мұрасын жинап, сақтап, халыққа насихаттап отырған дәл осындай шаңырақ бізде де бар.

Біздің университет әртүрлі мұражайларға көптеген экскурсияларды жиі ұйымдастырады. Біздің ойымызша,

білуге тамаша мүмкіндік алады. Саяхат барысында студенттер мұражайдың тарихи және архитектуралық ескерткіш болып табылатынын білді. Университет мұражайының 3 филиалы бар:

1. Ескери-тарихи мұражайының жалпы ережелері;
2. Археологиялық мұражай;
3. Зоологиялық мұражай.

мен университет қызметкерлерін рухани және эстетикалық тәрбиелеудің орталығы болып табылады. Біз мұражайды көру арқылы университеттіміздің 90 жылдық тарихының қалыптасу деңгейімен таныстық. Өзіміздің мамандығымызға сай археологиялық және зоологиялық мұражаймен жақын таныстық десек артық айтпаспыз.

90 жылдық тарихы бар

Махамбет

90 жылдық тарихы бар тұңғыш, Асар асу, мақсаттары тым биік, Махамбеттей батыр аты аталған Өнегелі ұрпақ шығар ел жиып. Білімділер додасына сен түстің, Ақылдылар алға кетер күн түсті, Жылдар бойы жиған терең білімді Тарту етер ұстаздарың көп енді. Шегінбе сен кері артқа қарама, Өзгелерден өзіңді кем санама, Жүзден жүйрік универде білім ап Еңбектеніп, мақсатыңды қой алға. Күндер өтер, студенттік өмірде Білім қалар ұмытылмас бүгінде, Өтемісов атындағы БҚУ-да Білім алу алмағанға арманда!

Инабат ЖЕҢІС,
Б-11 тобының студенті

МҰРАЖАЙДА ЖАҢА МИНЕРАЛ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 2022 жылдың 22 желтоқсаны мен 2023 жылдың 23 қаңтар аралығында Ресей ғалымы, география ғылымдарының докторы Вадим Павлович Петрищев шетелдік ғалым жобасы аясындағы жұмыс барысында университет геология мұражайына жаңа минералдарды сыйға тартты. Сыйға тартылған минералдар - уваровит және меланит.



Бәрекеелді!

2022 жылғы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары республикалық конкурстарының үздік ғылыми жұмыстары бойынша «Химия» білім беру бағдарламасы бойынша Акбалева Динара Абаевна II орынмен, ал «География» білім беру бағдарламасы бойынша Маукеева Камила Геннадьевна III орынмен марапатталды. Студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз!



Бет редакторы:
Жолдыбаева Гүлбақыт

Тіл – ең асыл құндылық

Тіл туралы жазудан, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі, тіл - бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Өйткені қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Оған басты себеп сол ұлттың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады. Одан қала берді отарға тап болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады.

Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған

тіл – ағылшын тілі. Себебі, оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге?

Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше.

Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне идіріп әкелуі. Өрине Абайға дейін де поэзия болды. Бірақ, ол - зар заман жырлары мен дастандары. Ал Абай тілінде сұлулықпен біз айтқан ерекшелік үндесіп жатыр.

Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін

емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі, сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөл ойнауы мүмкін. Мәселен кезіндегі орхон жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз. Өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Тілсіз тірліктің тасы өрге домалайды десе, қателесесіз.

Алихан УАХИТОВ,
БГ-11 тобының студенті

ЭКОПРОСВЕЩЕНИЕ В ЗКО

Ученые университета в прошедшем году были привлечены в качестве экспертов в реализацию проекта «Экологическое просвещение по биоразнообразию ЗКО», которую реализовало ОО «Западно-Казахстанское эколого-географическое общество» по экологической инициативе «EcoBatys». Проекты «EcoBatys» направлены на тех, кто неравнодушен к экологии родного края.

Оператором в реализации проектов выступил Центр поддержки гражданских инициатив. Был проведен цикл лекции по биоразнообразию региона для специалистов, связанных с экологией, животным миром, лесного хозяйства, для учащихся школ и других учебных заведений. В Уральске и в Западно-Казахстанской области были проведены фотовыставки «Дикая природа Западного Казахстана», где демонстрировались авторские фотографии животного мира области по результатам научных экспедиции ученых университета.

Мы считаем, что воспитание бережного отношения к природе нужно начинать со школьного возраста. Поэтому в летний период мы участвовали в экологических мероприятиях: соревнования по спортивной орнитологии «Батыс Бердинг-2022», слет юных экологов и натуралистов. Были проведены экспедиционные выезды с магистрантами университета, где они освоили методы полевых исследований, организованы фотовыставки в школах города и области. Жители и гости ЗКО через средства массовой информации, социальные сети ознакомились с видовым разнообразием животного мира Западного Казахстана. Была выпущена брошюра «Змеи ЗКО: сохраняя змей - сохраняем природу».

Все выполненные мероприятия знакомят общественность с видовым разнообразием нашего региона, повышают экологическую грамотность и способствуют экологическому воспитанию молодежи.

Участники проекта выражают благодарность за содействие в реализации



данного проекта ГККП «Областной эколого-биологический центр» и ГККП «Областной центр детско-юношеского туризма и экологии» Управления образования акимата Западно-Казахстанской области, Управление природных ресурсов и

регулирование природопользования ЗКО, общественные организации и СМИ.

К.М. АХМЕДЕНОВ,
проректор по научной работе и
международным связям, кандидат
географических наук

Мен - қазақпын



Мен - қазақпын. Мен даналығы мен балалығы, көсемдігі мен шешендігі, марқасқа мінезімен ешкімге тәуелді болмаған қазақпын. Қаны таза, рухы биік, пейілі ақ, қолы ашық, періштедей пәк

халықтың ұрпағымын. Мен-жаны жайсаң, таң шығындай таза, мөлдір махаббаты әлемді құтқарған он тоғыз миллион халқы бар Қазақстан Республикасының азаматшасымын. Кісілігі мен кішілігі, мәрттігі, қарапайымдылығы, жомарттығы бойына ана сүтімен қанға сіңген, егемен елдің ұрпағымын. Қолда бар алтынымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, берекемізді кетіртпей, айрандай ұйыған халықпыз. Мен-қазақпын. Сыйлағанды сыйлай білген, сыйламағанды сыйлата білген халықпыз. Мен қазақ болып туғанымна қуанамын. Тек мен ғана емес жүрегі тек қазақ деп соғатын барлық адамдардың бәрі де бұған қуанады әрі мақтанады. Бұл қуаныш ақындарымызға шабыт беретіні анық. Мысалы, Жұбан Молдағалиев атамыздың «Мен-қазақпын» поэмасы:

Мен-қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөрегімде таныстым мұң тіліммен,
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн тұтылып.
Мен-қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы мен.

Пәк сәбимін бесікте үлдеген, Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен,- деп Жұбан Молдағалиев атамыз жырлап кеткендей мен ешқашан өлмейтін қазақпын. Менің сонау үш мыңыншы жылдардағы не бір нәубет, зұлмат пен зұлымдық белін қайыстыра алмаған қиын кезеңдерде өлтіре алмаған киелі қазақ деген тектімін. Сонау дәуірлердің жақсылығы мен жамандығын қатар көрген және оған тізе бүкпеген қайсар қазақпыз. Барлық қиыншылықтар көзімізге жас үйіртсе де біз мың өліп, қайта тірілген қазақпыз.

Мен-қазақпын. Қазақ еркіндігі үшін күрескен Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай сынды батырлардың ұрпағымын. Олардың жаужүрек қаһармандығынан бойыма күш-қуат алып, қаз дауысты Қазыбек би, Төле би және Әйтеке билерден бойыма әділдік пен шыншылдықты сіңіре өсіп келе жатқан қазақпын.

Мен-қазақпын. Рухы, жаны әділдіктен жаралған Мен-қазақпын Азаттықтың ақ туынан нәр алған Ұрпағымын тәуелсіз ел қазақтың Жалын оты өшпес мейгі жанардан Өмір бойы қиындықтарды еңсере білген ұлт біреу-ақ. Ол - қазақ. Мен қазақ болып туғанымна қуанамын. Жүрегімнің «Мен-қазақпын» деген дүрсілінен өзіме қуат аламын. Туған жердің төл перзенті, ағартушы, философ Ғұмар Қараш атамыз айтқандай «Кірсіз жанды, таза қанды» қазақпын. Әлемдегі ең таза қан-қазақтардың қаны. Сол қан менің бойымда. Мен-қазақпын. Мен-ең керемет ұлттың ұрпағымын. Мен-ең бақытты қазақпын.

Аружан БЕКЕЖАНОВА,
ИЯ-15 тобының студенті

Первая сессия

Каждый студент помнит свою первую сессию, а вместе с ней свои страхи, волнения и счастливые моменты. Каково же было сдавать студентам в этом учебном году? Своими впечатлениями с нами поделилась Виктория Зыбина, студентка группы РЯЛ-42.

- Какие ожидания были у вас от экзаменов? Удалось ли вам их пройти так, как вы полагали?

- Конечно, был страх перед сдачей экзаменов, боялась, что не сдам. Но опасения были напрасны, и экзамены я сдала хорошо. Да, удалось пройти все так, как и полагала.

- Как вы готовились к сессии?

- Нам по каждому предмету заранее проводили консультации, я готовила ответы по лекциям, читала все конспекты, которые писала на протяжении семестра.

- Что было сложным подготовкой или в процесс сессии? В каком формате проходили экзамены?

- Самым сложным было правильно распределить время на подготовку, а в процессе сессии ничего сложного, как оказалось, нет. Экзамены проходили в разных формах: компьютерное тестирование, устный экзамен.

Сессия – это наиболее сложный период обучения для любого студента высшего учебного образования. В это время проверяются знания и умения учащихся, накопленные на протяжении всего семестра. От того, будут ли экзамены сданы успешно, зависит многое: возможность продолжения учебы, перевод с платного отделения на бюджет, перспективы получения стипендии.

Студент

Проехав все моря и континенты, Пускай этнограф в книгу занесет, Что есть такая нация - студенты, Веселый и особенный народ! Понять и изучить их очень сложно. Ну что, к примеру, скажете, когда Все то, что прочим людям невозможно, Студенту - наплевать и ерунда! Вот сколько в силах человек не спать? Ну день, ну два... и кончено! Ломается! Студент же может сессию сдавать, Не спать неделю, шахмат не бросать Да плюс еще влюбиться ухитряется.

Эдуард Асадов

- Какие у вас впечатления от первой сессии?

- Перед первым экзаменом был сильный страх и вопросы по типу: «Как все пройдет? Много ли будет дополнительных вопросов?» и т.п. Однако дальше сдавать уже гораздо проще, чувство страха уже сменяется легким волнением.

- Какие советы вы бы дали будущим первокурсникам?

-Будьте всегда общительны. Заводите больше новых знакомств, это поможет в будущем. И готовьтесь к сессии заранее, а не за неделю!

Встречать сессию всегда тяжело, а провожать – радостно. Только сдав сессию, студент ощущает себя студентом. Надеемся, что у всех наших первокурсников экзамены прошли успешно!

Студенческая жизнь сама по себе интересная и увлекательная. У каждого человека имеются истории и приключения, с которыми они столкнулись, будучи студентами, а советский поэт Эдуард Аркадьевич Асадов, даже посвятил этой прекрасной «нации» стихотворение.

Аяулым АШИМЖАНОВА



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жарғысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№1 (55), қаңтар, 2022 жыл

Құндылықтар академиясы

Шешендік өнер қай заманда да, қандай қоғамда да қарым-қатынас, көпшілікке қайтарымды әсер ететін, тұлғаның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын орасан зор қуатты құрал емес пе. Шешендік күні бүгінге дейін құдірет-күшін, қарым-қасиетін жоймаған өнер делінеді. Ендеше, осынау бір таңғажайып тамаша өнердің туңғиығына бойлап, кереметіне кенеліп көргенге не жетсін! Шешендік өнер - сөз өнері, сөйлеу өнері. Аталған сала - өнер атаулының ең қиыны да күрделісі. Ахмет Байтұрсынұлы данышпан сөз өнерінің адам санасының үш негізіне тірелетінін баса айтқан-ды. Біріншісі - ақылға, екіншісі - қиялға, үшіншісі - көңілге. Ақыл ісі - аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға тасылып ойлау, қиял ісі - меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі - түйю, талғау. Шешендік өнердің ең күрделілігі - осы үш негізді ажырата білу. Ал осы үш негізді адам санасының игеруі, әрқайсысын орнымен, кезегімен пайдалана білуі - бұл оның еріккеннің ермегі еместігі.

Қиын да күрделі шешендік өнерін қазақ халқы ертеден ерекше бағалаған. Халық арасындағы шешендік - өз қадір-қасиетін жоймаған, әрқашан дамуын тоқтатпаған ең өміршең өнер. «Бір сөз айтсаң жақсыға, аталы сөзге тоқтайды. Бір сөз айтсаң жаманға, өмірінде ұқпайды. Наदानықтың белгісі, өзің-өзі мақтайды. Көкірегі соқырға, өмірде таң атпайды. Шешеннің сөзі шын асыл, қап түбінде жатпайды» деген тұжырымда Жанқұтты би дүлдүл шешеннің аталы да баталы сөзінің қадір-қасиетін барынша құрметтеп, шын асылға, мол қазынаға, баға жетпес байлыққа теңеген. Шешендік, ең алдымен, көкейдегі ойды жүйелі құрау мен айтылмақ пікірді ұтымды жеткізудің, көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігінің ең жоғарғы сатысы. «Шешендік - өнер, сол өнермен қарулансаң ғана шешендікті игеруің мүмкін» деген пайымға құлақ қойсақ, жоғарғы қағиданы игерген, сөз өнерінің туңғиығынан сусындаған, тапқыр ойды көркем тілмен өрнектей білетін, оқыс айтылған пікірге қисынды әрі жедел жауап қайтаратын, жүрекке әсер етіп, ақылды бағындырып, адамдарды иландыру секілді ерекше қасиеттерге ие адамдарды шешен немесе ритор деп атаймыз.

«Бір шешеннің топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп төстейтінін, екіншісі - әсем жеткізу шеберлігімен, үшіншісі - өзіл-өспәк, күлдіргі, айтқыштық талантымен, төртіншісі - жүйелі, сабақтас, анық баяндауымен баурайтындығын айтқан белгілі сыншы В.Г.Белинскийге сүйенсек, шешендердің өз ойын жеткізудің сан түрлі ерекшеліктері мен жолдары бар. Шешен алуан түрлі аудиториямен кездесіп, ой бөліседі. Барлық жердегі тыңдаушылар бірдей болмасы да белгілі. Осындай сәттерде шешеннің әр тыңдаушының санасына сай, қабылдау қабілетіне орай өз пікірін мың түрлі шеберлікпен, тапқырлықпен жеткізе алуы оның жан-жақтылығын, біліктілігін айқындары даусыз. Десек те, шаршы топтың алдына екіншісі бірі сөйлеп шыға алмайды. Сөйлесе де, өз сөзі арқылы тыңдаушыны еріксіз баурап, бар жанарды жаулап, жүйелі һәм жігерлі де рухты сөзі арқылы көпке ой тастау - қиынның қиыны. Ал тұлға боламын, күрмеуі көп мәселені шешкім келеді, елімнің жоғын жоқтап, келешегі үшін қызыл кеңірдек боп кеңескім келеді деген адамға міндетті түрде шешендік қажет. Олай болса, шешендік - құрыққа оңай түсетін жуастықтың белгісі емес. Шешендік - асау да арда тұлпар. Сонысымен де шешендік кез келген тұлғаны көкке жетелейді, көпке танытады.

Біле білсек, барлық заманда да тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүруде. Демек, шешендік білік-дағдыларды қалыптастыру - заман талабы. Ал адам атаулының қай-қайсысы да дұрыс та дәл, әрі шешен сөйлей білуді жете меңгеруге ынталы. Себебі бұл өзге адамдармен жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді. Әр түрлі салада жетістікке жетуге көмектеседі. Шешендіктанудың (риторика) ғылым ретінде дамуы мындаған жылдарды қамтиды. Әрбір кезеңге сәйкесті оның мазмұны да әрқилы. Ол әдебиеттің ерекше жанры есебінде де, сөйлеу шеберлігінің білгілі бір түрі есебінде де, ауызша сөйлеу ғылымы әрі өнері ретінде де қарастырылады. Қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінде шешендіктану кешенді пән ретінде қарастырылып, құрамына тілдік қарым-қатынастың логикалық, лингвистикалық, филологиялық және тәжірибелік аспектілерін қамтиды. Бұл орайда тәжірибелік тұрғыдағы шешендіктану әрі ғылым, әрі өнер сатысында аталады. Біздіңше, аталмыш ғылым саласына қатысты кейбір білік-дағдылар жиынтығын әрбір кәсіби маман атаулы өз бойына шоғырландыруы тиіс. Мәселен, орта ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Шалкиіз жырау: «Шешен жігіт - жол бастар, батыр жігіт - қол бастар» деген. Расымен де, сөзді өзіне бағындырған, сөйлеу мәдениетін еншілеген адамға халық арқа сүйейді, оны тірек етеді. Шешен сөйлей білу - тұлға боламын деген әр адамға міндет. Бәрі де - бір-бір миссияның жолында жүрген адамдар. Ендеше, өз миссиямызды толықтай атқарып шығу үшін бізге сөйлеу керек. Жай сөйлеу емес, кәсіпте, шындықты көрсете сөйлеу керек. Ал тәжірибелік шешендіктану ілімі қарастырып қағидалар әрбір маманға әрқилы аудитория алдында қалай

жұмыс жасау, сан алуан адамдармен қалай тіл табысу хақындағы практикалық іс-әрекеттер кешенін ұсынбақ. Ең бастысы өз сөйлеген сөзіңе сергек қарауды үйретеді. Нәтижеде қалай сөйлеу және сөйлеу дағдыларымызды қалай жетілдіру амалдары туралы ойлантады. Ал бұл орайлас білік-дағдылар ХХІ ғасыр арнасында ауадай қажетті, демек, жақсы сөйлей білу - жекелеген адамның істегі табыс кепілі ғана емес, сондай-ақ бұл еліміздің әлеуметтік жағынан өркениетті де сәтті дамуына алғы шарт. Адамдардың тілдік қатынас мәдениеті - қоғамның өркениетті, толерантты және мәдени тұрғыда қалыптасуының алғышарты. Ал бұл іспеттес мәдениет әрқайсымыздың бір-бірімізбен қарым-қатынас жасай білу мәдениетіміз арқылы жинақталмақ. Бұны әрдайым есте сақтау жөн. Сондай-ақ әрбір жас маман осы маңызды салада терең ойлана отырып, бүгінгі таңда елімізге қажетті қоғамдағы мәдениетті де өркениетті коммуникативті қарым-қатынастың қалыптасуына өз септігін тигізуі қажет.

Дау жоқ, жақсы шешен болып қалыптасу көл-көсір тер төгуді, дамылсыз машықтану жұмыстарын талап етеді. Мәселен, Әз Жәнібек хан билерінен: «Жігітке жақсы болу үшін не керек?» деп сұрайды. Қазақтың ауызы дуалы тұлғалары: «Жігітке бірінші білім, екінші ғылым, үшінші ұғым керек» деген. Ал Рим шешені Марк Тулий Цицерон: «Адам бойында талант, терең білім, қалыптасқан дағды болуы керек, осы үшеуі сай болғанда ғана нағыз шешен қалыптасады» деген. Екі ғасырдың ұлы сөз шеберлері бір-бірімен дәл үйлесіп, ойлары



бір жерден табылып тұрған жоқ па?! Ғалым Мәулен Балақаев: «Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің шыңы - шешендік өнер» дейді. Әр дәуірдің өз тынысы, өз талғамы, заманына сай адамы болғанымен, өнерге деген құрмет пен пайымдау дәлме-дәл келіп отыр. Бұдан байқайтынымыз: шешендік өнердің өлмейтін өміршеңдігі. Демек, сөйлеу сәтінде көпшілікті сендіре, иландыра, көз жеткізе алуға шешен ойлау заңдарын меңгеріп, композиция және айғақтама ережелерін сақтағанда, сөйлеу мәдениетіне ие болып, өзінің сөйлеген сөзінде жалпы, әлеуметтік психология заңдарын қалай қолдануы білгенде, коммуникативті мәдениеттің нормаларын ескеріп, сөйлеу техникасын үнемі жетілдіріп отырған жағдайда ғана қол жеткізе алады. Бұл ретте кез келген оқулық та, оқу құралдары да тек көмекші рөл ғана атқарады. Олар тек негізгі жолға бағыт қана сілтей алады. Ал нақты білік-дағдыға әркім өзімен жүргізген тынымсыз жұмысы мен шешендік әрекеттің тәжірибесі арқылы қол жеткізеді. Демек, осы ретте тәжірибелік шешендіктану көмекке келмек.

Қысқасы, шешендікті ұлттық құндылық көзі десек, шешендікке қатысты білік-дағдылар жиынтығын кімге жұғысты етпекпіз, қалай жұғысты етпекпіз? Өрине, жастарға. Жиренше шешен айтпайды ма: «Төрт нәрседе үміт бар: жас өсемін деп үмітті, жалғыз көбейемін деп үмітті, жарлы бай боламын деп үмітті, ауру жазыламын деп үмітті. Көктем мен жазы кетіп, жапырағы құраған ағаштай ұрты солып, жағы суалған көрілікте ғана үміт жоқ» деп. Бұған Әбіш Кекілбайұлының «жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек» деген тұжырымын қоса кетелік... Тап осы кең көлемді кешенді мақсат үдесінде жуырда Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен тұрақты жүргізілетін «Шешендік - тұлға көркі» акциясы аясында дәстүрлі «Үздік шешен студент»

байқауы өткізілді. Ал бұл күні байқауға қатысқан конкурсанттар легі төмендегіше: 1. Шешендік - тұлға сөні (Речь - образ души). Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, «Филология: қазақ тілі» мамандығы; 2. Шешен сол - сөйлер сөзден қамалмаса (Нужно говорить громко, чтобы тебя услышали. Нужно говорить тихо, чтобы тебя послушали). Гүлназ Есламғалиева, Ботагөз Өтегенова; 3. Шаршы топта сөз бастау қиын (Талант делает, что может, а гений - что должен). Жайнагүл Ғалымова, Аяжан Кәрім; 4. Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды (Когда суть дела обдумана заранее, слова приходят сами собой). Айнұр Базарова, Айгерім Бауыржанова; 5. Шешеннің тілі - шебердің бізі (Хороший язык - доброе оружие). Гүлнұр Көшербаева, Гүлімжан Нұрбақыт; 6. Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар (Красноречие - это искусство убеждения). Гүлайым Мақсотова, Анэля Жонысова; 7. Сөйлесу - бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат (Разговор - это здание, которое строят совместными усилиями). Абыл Жайна, Әділ Ахметов; 8. Ұстамды әрі орынды сөйлеу діл-марлықтан көп артық (Наружность и манеры более выразительны, чем слова). Сымбат Бөкенбаева, Аида Оразова; 9. Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас (Те, которые умеют хорошо говорить, те говорят коротко). Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева; 10. Үндемегеннің өзі де жауап (Иногда молчание бывает выразительнее речей). Зухра Рысқалиева, Дәметкен Сағынбаева; 11. Сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ (Остороженность в словах это выше, чем красноречия). Күншуақ Жами, Ақтоты Қадерова; 12. Тыңдай білу - ұлылық (Пользуйся чаще ушами, чем языком). Дильназ Жасқайратова, Нейля Камун; 13. Аузында өзілі жоқтың қолында шоқпары бар (Юмор - это способность видеть три стороны одной медали). Айдана Мақсотова, Әдемі Қоңқақова; 14. Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды, бір айтпаса нақылды ақылсыз айтпайды (Пословица - соль речи). Аружан Елтаева, Тоғжан Ермек; 15. Жүйелі сөз - киелі (Кто ясно мыслит, тот и ясно излагает). Тоғжан Байкенова; 16. Көңіл - қазы, көз - таразы (В звуке голоса, в глазах и во всем облике говорящего заключено не меньше красноречия, чем в выборе слов). Жансая Сарыева, Айым Қойшыбай, Ернар Тәжімағамбет; 17. Ымға түсінбеген дымға түсінбейді (Когда слова не бьет, то палка не поможет). Арай Зайдекенова, Айтуған Тастенов. Нәтижеде шешендік байқауының қорытындысы бойынша Бас жүлдені «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті Абыл Жайна мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті Ахмет Әділ иеленді. Кейінгі орындар иегері атанған сәйкесті жеңімпаздар төмендегіше: I орын: «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенттері Айтуған Тастенов, Арай Зайдекенова; II орын: Дильназ Жасқайратова, Нейля Камун; Сымбат Бөкенбаева, Аида Оразова; III орын: Зухра Рысқалиева, Дәметкен Сағынбаева, Тоғжан Байкенова; Гүлнұр Көшербаева,

Шешендік - жастар көркі

Гүлімжан Нұрбақыт. Ал байқау барысындағы белсенділіктері үшін Ернар Тәжімағамбет, Жансая Сарыева, Айым Қойшыбай, Алтынгүл Фазылова, Айна Молдабаева, Айдана Мақсотова, Әдемі Қоңқақова, Гүлжаз Сайынова, Шұғыла Еңсеп, Гүлайым Мақсотова сынды студент-конкурсанттарға алғыс жарияланды.

Сөз соңында шешендік жастар көркі екенін баса айта отырып, жастарымыз шешен сөйлеймін десе, мынадай қағидаларды ескеруі тиіс деп білеміз: Тіл - сананың қызметшісі; Тілде сүйек жоқ, бірақ сүйек уатады; Адамның сөзі - оның ақылының өлшемі; Көз жанары сөзден де ұғынықтырақ; Көз де ерін сияқты шешен; Адамды сөзінен, есекті құлағынан таныр; Өзіңді кім тыңдап отырғанын біліп қана сөзіңді баста; Сөзді тыңдайтын жерге айт, суды өнетін жерге сеп; Алдымен тыңда, содан кейін ғана сөйле; Жақсы сөз - қысқа сөз; Көп білсең де, аз сөйле; Не болса соны айтқан адам өзі қаламаған сөзді естір; Сөздің мағынасы қалай мәнерлеп айтылғанынан танылар; Бір сөздің өзі бірде қатқыл, бірде жұмсақ естіледі; Нені айтсаң, соны ойла, бірақ ізетпен сөйле; Бір сөзді екі рет қайталасаң иістенеді; Қылышыңды екі суырма, сөзіңді екі қайталама; Оқығаныңды емес, түйгеніңді айт; Анық сөйлегің келсе, ашық сөйле; Сөз тәмсілмен тамаша; Мақал айттың - жол сілтедің, мәтел айттың - жан жұбаттың; Мазмұнның жұпынылығын ұйқаспен де, сәнмен де жасқай алмассың; Жақсы сөз аязда да жан жылытар. Иә, жас ұрпаққа төгіп-төгіп төпелеп жіберер халқымыздың бойындағы шешендік қасиет дарыса, ол ата-баба қанымен жеткені деп бағалаймыз. Ұлттық қазынаңыз қазаны ортаймағай, ел еңсесі биік, ұрпағы - ұлдары көсем де шешен, қыздары әсем де абыройлы болғай!

Мақсат ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің IV курс студенті («Шет тілі: екі шет тіл» мамандығы)

Ауырмау үшін спорттың, дене қимылының адам өмірінде алар орны ерекше екенін жақсы білеміз. «Адам денесінің жетілуі - оның денсаулығы; егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сыр берсе, онда денді сауықтыру керек» - деп денсаулықтың қадірі туралы ұлы шығыстың ойшылы Әл-Фараби асқан білгірлікпен айтқан екен. Осы орайда Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жыл сайын «Денсаулық» спартакиадасын өткізіп келеді.

Дәстүрлі СПАРТАКИАДА өздірылды

ойыншы» номинациясымен Хабадашев Нұрдаулет (Мәдениет және өнер факультеті) марапатталды.

Сондай-ақ, үстел теннисінен мәдениет және өнер факультеті I орын, шаруашылық бөлімі II орын, педагогика факультеті III орынды еншіледі. «Үздік ойыншылар» - Қуаншалиева Раушан (Мәдениет және өнер факультеті), Нагимов Нұржан (Шаруашылық бөлімі), Тапаева Жанерке (Педагогика факультеті).

Спорттың дартс түрінен шаруашылық бөлімі I орын, педагогика факультеті II



Биыл 65-ші рет өткізіліп отырған «Денсаулық» спартакиадасы университеттің профессор-оқытушылары мен қызметкерлерін спорт түрлерімен шұғылдандыру, салауатты өмір салтын насихаттау, университеттің профессор-оқытушылары мен қызметкерлері ішінен құрама команда іріктеу, университет ұжымын бір-бірімен жақынырақ таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.

Шараның ашылу салтанатында сөз алған университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы қатысушыларға сәттілік тілеп, спартакиада университеттегі ардагер ұстаздар мен жас мамандар арасын жақындатып, сабақтастық орнататындығын айтып өтті.

Спорттың волейбол, дартс, дойбы, шахмат, үстел теннисі сынды түрлерінен

өткен сайысқа 7 команда қатысып, бақ сынады.

3 күнге созылған спорт сайыстарының қорытындысы бойынша жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар командалар мен жеке қатысушыларға Алғыс хат және Грамоталар табысталды.

Атап айтқанда, дойбы ойыны бойынша физика-математика факультеті I орынды, педагогика факультеті II орынды, тарих, экономика және құқық факультеті III орынды иемденді. Ал Кадырбаев Мухамбет (Физика-математика факультеті), Бапиев Идеят (Физика-математика факультеті), Дошева Гулжихан (Физика-математика факультеті) «Үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

Шахмат ойыны бойынша педагогика факультеті I орын, тарих, экономика және құқық факультеті II орын, физика-мате-

матика факультеті III орын иегері атанды. Спартакиада барысында өзінің ұтқырлығымен ерекше көзге түскен «Үздік ойыншылар» - Есеева Гульнар (Тарих, экономика және құқық факультеті), Мұқанов Дәурен (Педагогика факультеті), Искалиева Айжан (Физика-математика факультеті).

Волейбол ойынынан жаратылыстану-география факультеті I орын жеңімпазы атанса, тарих, экономика және құқық факультеті II орынды иемденіп, мәдениет және өнер факультеті III орынға тұрақтады. «Үздік байланыстырушы» номинациясымен Баудиярова Эльнора (Тарих, экономика және құқық факультеті), «Үздік шабуылшы» номинациясымен Курмангужиева Айша (Жаратылыстану-география факультеті), «Үздіктосқауылшы» номинациясымен Губайдуллин Абай (Физика-математика факультеті), «Үздік

орын, физика-математика факультеті III орын иегері атанды. Ал «Үздік сұрмерген» номинациясымен Жақаева Бибігүл (Педагогика факультеті) марапатталды.

Жалпы командалық есепте әдемі ойын өрнегін көрсете білген педагогика факультетінің құрама командасы жеңіс тұғырынан көрінсе, физика-математика факультеті II орын жеңімпазы атанды. III орынды тарих, экономика және құқық факультеті өз қанжығасына байлады.

«Біздің бақытымыздың оннан тоғыз денсаулығымызға байланысты» - деген екен А.Шопенгауер. Ендеше, сол бақытымызды денсаулығымыздан табу үшін, осындай пайдасы шексіз спорт шараларына белсене қатыса отырып, салауатты өмір сүруге ерекше мән бергеніміз ләзім.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БӘРЕКЕЛДІ, МАГИСТРАНТ!

М.Өтемісов атындағы БҚУ биология мамандығының магистранты Райымбек Анатолий зерттеу нәтижелері бойынша алғашқы рет қазақ тілінде «Бұлдырты өзені бассейнінің биоалуантүрлігі» атты кітап шығарды.

Аталған кітапта ол сол аймақтағы 336 өсімдік түрін, жануарлар бойынша 6 сүйекті балықтар, 2 қосмекенділер, 6 бауырымен жорғалаушылар, 49 құстар түрін сиппаттаған және талдау жүргізген.

Райымбек Анатолий - университет түлегі. Зерттеу жұмысын 2017 жылы дипломдық жұмыс негізінде бастап, әрі қарай 2021 жылы магистратурада «БҚО магнолиоидтер класс анықтамалығы» тақырыбында жалғастырып орындаған. Ғылыми жетекші – биология ғылымдарының докторы, профессор Т.Е.Дарбаева.

Өзі осы кітапты елге, туған жеріне арналған перзенттік парызы деп есептеп, көпшілікке ұсынып отыр. Еңбек «Биология», «Экология» мамандығының студенттеріне, табиғат жанашырларына, мектеп ұстаздары мен оқушыларға, қосымша білім беру педагогтарына арналады.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨҢДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № KZ27VP00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 102

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІПЕР: Аяулым АШИМЖАНОВА,
Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.: 50-51-46, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru